Кіріспе. Өткен ғасырдың соңғы жылдарында Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы мәселелер бойынша ғалымдар көп жылдар бойы кешенді ғылыми зерттеулер жүргізді. Осы зерттеулердің нәтижелері қазіргі кездің өзінде де су шаруашылығы жүйелерінің жұмысындағы мүмкін болатын өзгерістерді бағалау үшін өзінің өзектілігін әлі жоя қойған жоқ. Қызылорда облысында жаңа инженерлік суару жүйелерін салу сол өткен ғасырдың 50-ші жылдарында Сырдария өзені бойында Қызылорда су торабы пайдалануға берілгеннен кейін басталған болатын. Яғни Қызылорда сол жаға суармалы массивінде іс жүзінде мамандандырылған күріш өсіретін шаруашылықтар құрыла бастады. Сол кездегі есеп бойынша облыста жалпы қолда бары 270 мың га аса суармалы жерлер тіркелген. Қазіргі кезде бұл көрсеткіш 215 мың га шамасында. Оның ішінде жарамды суармалы жерлер көлемі 200 мың га әрең жетеді. Қызылорда филиалы «Қазсушар» РММ-нің мәліметі бойынша облыста сол егіске жарамды жерлердің 38 пайызы тіпті мүлде пайдаланылмайды. Бұған себеп ауылшаруашылық дақылдарын өсіруде агротехникалық шаралардың өрескел бұзылуы, шаруалардың егін егу мәдениетінің төмендігі, суару каналдарында су есептегіш және реттегіш құралдардың жоқтығы, суды тиімсіз пайдалану, сондай-ақ топырақтың

тұздануы,-дейді. Облыстық «Табиғатты пайдалануды және табиғи ресурстарды реттеу» басқармасы алдағы уақытта сол 80 мың.га суармалы жерлерді қайта қалыпқа келтіруге бекініп отыр [1,2,3].

Ол рас, қазіргі кезде облыстағы суармалы жерлердің жағдайы өте нашар техникалық жағдайда. Олардың көбісі түпкілікті жақсартуды талап етеді. Егістік жерлерді дұрыс пайдаланбау, суару режимінің реттелмеуі топырақтың тұздануына алып келді. Аймақтың күріш өсіруіне байланысты тіпті екінші реттік тұзданған жерлер көбеюде. Сырдария суының минерализациясы мен топырақтың шамадан тыс тұздылығы өнім сапасына айтарлықтай әсер етіп отыр.

Сырдария өзенінің төменгі ағысында минералдану көрсеткіші 2000-шы жылдары 0,4-0,6 г/л болса, қазіргі таңда бұл көрсеткіш 2-3 г/л максималды кезде 1,7-1,8 г/л дейін өсіп отырды (1-сурет). Судың 1,5 г/л-ден көп минералдануы кезінде судың гидрокарбонат-кальцийлік түрі сульфат-кальцийлік түрге өзгереді. Соңғы жылдары көптеген әдебиет көздерінде табиғи суларға атмосферадан түсетін ластаушы заттардың роліне көп көңіл бөліне бастады. Көп жағдайларда олардың үлесі 15-20% құрайды. Суару және қарқынды булану жүретін аймақтарда, әсіресе Амудария мен Сырдария өзендерінің аралығында топырақтың тұздануы мен деградациясы жүріп жатады. Осы процестің нәтижесінде топырақта бірқатар элементтердің, қосылыстардың және минералды тұздардың мөлшері артып отырады, ал бұл тиісінше жауын-шашынның минералдануының айтарлықтай өсуіне алып келеді. Бұл процесс ұзақ жылдар бойы байқалып, оған теңіздің бұрынғы түбіндегі тұздардың желмен қарқынды түрде ұшуына байланысты Арал аймағының атмосферасында аэрозольдар концентрациясының артуына себеп болды. Атмосфералық шаң-тозаңмен тұздардың қарқынды артуы осы аталған процестермен байланысты болса керек. Ал енді құрғап бара жатқан Арал теңізіне жақындаған сайын бұл фактордың ролі мен маңыздылығының қаншалықты артатынын аңғару қиын емес [4,5,6,7,8,9,10].




1-сурет – Сырдария өзенінің тұз мөлшерінің сипаттамасы (2020 жыл), мг/л
Бақылау пункттері: 1 – Қызылорда; 2 – Жосалы; 3 – Қазалы;

Облыстағы суармалы жерлердің топырағының мелиоративтік жағдайы көптеген бақылау нәтижелері бойынша, суармалы жерлерді пайдалану кезінде қарашіріктің және қоректену элементтері қорларының азаюын, топырақтың су-физикалық қасиеттерінің нашарлауын, топырақтың эрозияға ұшырауын, тұздану және сортаңдану процестерінің артқандығын, сондай-ақ топырақтың құнарлылығының айтарлықтай төмендегенін көрсетіп отыр.

Топырақтың жалпы тұздану процесі облыстың барлық аймағы бойынша таралған (2-сурет). Топырақтың түріне, оның су режиміне, агротехникалық шаралардың сақталуына, гидрогеологиялық және климаттық жағдайларға, сондай-ақ басқа да себептерге байланысты тұздану процесі әртүрлі қарқында жүріп отырған. Күріш алқабындағы дренаж

жүйелерінің мардымсыз жұмыс істеуі кезінде, екінші қайтара тұздану процесінің жүретіндігі байқалды [11].

Күрішті суарған кезде жерасты суларының суарылатын сулармен толығуы есебінен топырақ ерітіндісі сұйылып, топырақтағы тұз шоғырының және жерасты суларының жоғарғы қабаттарының минералдануы жүретіндігі байқалды. Соның себебінен облыс аумағының басым көпшілігі тұзданған. Төмендегі графикке қарап отырып аймақта тұзданбаған суармалы жердің қалмағанын байқауға болады.



2-сурет – Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы суармалы жерлердің тұздану деңгейі, %

Тұзданған жерлерде малазықтық дақылдарының бейімделу әлеуетін тиімді басқару мәселелері негізінен топырақты өңдеу әдістері мен тереңдігіне байланысты, өйткені олардың көмегімен су, ауа, жылу және қоректену режимдері қажетті бағытта реттеліп отырады, сонымен қатар оның биотикалық компоненттері - топырақ зооценозының құрамы мен белсенділігіне, микрофлорасына тығыз байланысты.

Өңдеу барысында оның құрылымы, ылғал сыйымдылығы және өсімдіктердің тамыр жүйесінің аймағына судың түсу жылдамдығы арқасында бұл қабатта тыңайтқыштарды қолдану процесі де өзгереді.

Өңдеудің барлық технологиясын саралау әдісіне айрықша көзқарас қажет, өйткені топырақтың түрлері мен топырақ жағдайындағы және климаттық жағдайлардағы айырмашылықтар барлық жүргізілетін әдістерге әсер етуі мүмкін. Тұзданған топырақтарды өңдеудің сараланған әдісі ерекше маңызды, өйткені сол қолданылатын әдістердің ішінде топырақты тереңдігіне байланысты өңдеу топыраққа тыңайтқыштарды енгізуге байланысты, ал қабат айналымына сәйкес дәстүрлі өңдеу әдістерін қолдану топырақтың егіс қабатының тұздылығының артуына алып келуі мүмкін.

Әдістемесі. Топырақ және суармалы судың химиялық құрамын анықтау арнайы зертханада жүргізілді. Сонымен қатар (рН), азот (N), аммоний мен нитрат азоты, сульфаттар (SO₄), хлоридтер (Cl) Ю.Ю.Лурье мен А.И.Рыбникова әдісі бойынша анықталды [12]. Кальций (Ca) мен магний (Mg) кешенді метрикалық әдіс бойынша, ал калий (K) мен натрий (Na) фотометрмен, оттегінің химиялық қажеттілігі (ОХК) бихромат әдісі бойынша анықталды.

Зерттеу жұмыстары Шиелі ауданына қарасты «Бидайкөл» (бұрынғы «Гигант») шаруашылық аймағында жүргізілді. Біз өңдеу әдістері мен тереңдігіне зерттеу жүргізген топырақтар, жоғары тұзды қабаттың орналасу деңгейіне сәйкес, яғни – сортаңданған. Бірінші жағдайда тұзды қабат 50 см тереңдікте, екінші жағдайда 30 см тереңдікте болды. Тәжірибе жүргізген учаскеде коллектор-кәріз жүйесі болмаған немесе істен шыққан. Суару қапталынан су құятын жолақтар бойымен жүргізілді (бір учаске – бір жолақ), жолақтардан (учаскелерден) суды шығару таяз (тереңдігі 40-50 см) кәріз бойымен жүргізілді.

Нәтижесі. Топырақты өңдеудің ең маңызды агрофизикалық қасиеті егістік қабатының белгілі бір тығыздығы мен құрылымына, құрамына, егістік қабатының қалыңдығына сәйкес өсімдіктердің өсуі мен өнімділігіне тәуелді дақылдарды таңдау болып табылады.

Қарқынды суармалы егіншілікте егістік қабатының қуаты мен оның көлемі маңызды рөл атқарады. Мұнда өсімдіктердің бүкіл тамыр жүйесінің 70-80% дамиды, оның құрамында негізгі

қоректік заттардың, су мен ауаның, барлық зоо мен микрофлораның қорлары бар, бұл топырақ құнарлылығын қалпына келтіруге ықпал етеді. Көптеген өсімдіктер үшін егістік қабатының ең қолайлы қалыңдығы 27-30 см. Бірақ барлық топырақтарда өңделген қабаттың мұндай тереңдігі бола бермейді. Оған себеп негізгі фактор – қарашірік қабатының қалыңдығы, ал сортаңданған топырақтарда тұзды қабаттың тереңдігі.

Дәл осы мәселе бойынша - жемшөп агроценоздары үшін ең қолайлы егістік қабатын жасау үшін Бидайкөл ауылшаруашылық аймағының сортаңданған топырағында (егістік қабатында зиянды тұздар 0,2% шамасында) топырақты өңдеудің оңтайлы әдістері бойынша жұмыстар жүргізілген болатын. Негізгі зерттеу объектісі – Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бидайкөл (бұрынғы Гигант) ауылы. Яғни Жаңақорған – Шиелі суармалы массивіне қарасты Бидайкөл ауылшаруашылық аймағы.

Топырақ құрылымы егістік қабатының ең қолайлы құрылымын, сондай-ақ оның су, физика-механикалық және технологиялық қасиеттерін, су-гидрологиялық тұрақты шамаларын анықтайды. Солардың ішіндегі агрономиялық тұрғыдан алғанда, ең құндысы - 0,25-тен 10 мм-ге дейінгі ұсақ түйіршікті және түйіршікті құрылымдары.

Тәжірибе аймағында тәжірибе жүргізер алдында әлсіз сортаңданған топырақтың егістік қабатындағы осындай өлшемдегі көрсеткіштер 44,7-ден 45,7%-ға дейін болды. Жоңышқа (*Medicago sativa*) еккен үш жыл ішінде бұл көрсеткіш 60,2-64,5%-ға дейін, көпжылдық шөптесін өсімдікте (*Elytrigia*) – 63,9-65,5%-ға, еркекшөпте (*Agropyron*) – 62,2-65,2%-ға дейін өсті (1-кесте).

1-кесте - 2019-2020 ж.ж. аралығындағы топырақ тереңдігі бойынша өңдеу және топырақтың тұздану дәрежесіне байланысты егістік қабатындағы (0-30 см) ұсақ түйіршікті және түйіршікті құрылым мөлшері, %

Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістері	Тұздану дәрежесі	Бастапқы көрсеткіші	Жоңышқа (<i>Medicago sativa</i>)			Көпжылдық шөптесін өсімдік (<i>Elytrigia</i>)			Еркекшөп (<i>Agropyron</i>)			Қант құмайы (<i>Sorghum</i>)
			1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
30 см жерді жырту, бақылау	1*	44,7	46,5	53,9	60,6	47,3	58,6	64,5	48,7	58,6	64,2	45,3
	2*	33,5	34,2	37,3	40,2	36,5	39,6	41,4	37,3	38,7	42,0	32,1
20 см жерді жырту	1	45,2	48,9	53,3	60,7	50,5	56,8	64,5	49,2	57,2	63,8	46,0
	2	33,2	35,2	39,8	46,7	38,0	42,4	47,8	36,7	41,5	47,9	34,6
20 см жерді қопсыту	1	46,1	48,5	52,0	60,2	48,2	56,7	63,9	47,7	56,9	62,2	46,2
	2	34,1	36,9	41,4	47,3	37,2	43,5	48,2	39,9	44,6	48,7	35,8
30 см жерді қопсыту	1	45,9	49,0	53,5	62,6	51,4	57,9	64,8	48,8	58,9	64,4	43,3
	2	34,6	37,6	41,5	48,8	36,6	40,7	49,7	38,7	43,8	49,2	35,5
20 см жерді жырту + топырақты 10 см тереңдету	1	45,7	51,1	54,2	64,5	52,3	58,8	65,5	49,3	59,2	65,2	45,9
	2	33,6	38,1	42,3	50,2	37,9	43,6	56,5	39,5	45,0	50,5	36,6

*1 – әлсіз тұзданған, *2 – қатты тұзданған

Қант құмайын (*Sorghum*) екенде топырақ құрылымында қатты өзгеріс байқалмады, яғни қант құмайын (*Sorghum*) себу алдындағы деңгейі (45,5-45,3%) сол қалпында болды. Мұндай тұрақтылықтың себебін өзара байланысты екі процестің жүруімен байланыстыруға болады: біріншіден, негізгі және егіс науқаны алдындағы топырақты өңдеу жұмыстарын есепке алмағанда (сабанды аршу жұмыстары, жерді жырту немесе қопсыту, топырақтың жоғарғы қабатын екі мәрте дискінің көмегімен қопсыту, топырақты күзгі тегістеу, ерте көктемдегі тырмалау жұмыстары, егіс кезінде және егіс алдында екі мәрте өңдеу) егістікті тыңайту және өнімді жинау жұмыстары кезінде өнім жинайтын машиналардың жұмысы, өңдеу жұмыстары әрқашан топырақтың оңтайлы ылғалдылығында жүргізілмейтіндіктен, топырақ шашырайды, оның құрылымы бұзылады. Топырақты өңдеу саны мен топырақ құрылымының көрсеткіштері арасындағы байланысты анықтайтын изогумус коэффициенттері бар. Осы коэффициенттерге сәйкес топырақты өңдеу санының артуымен топырақтың құрылымдық жағдайының нашарлауы бірге жүреді.

Екіншіден, топырақта өсімдіктердің тамыр жүйесінің әсерінен топырақ құрылымы қайта қалпына келеді.

Біздің жағдайда қант құмайын (*Sorghum*) екенде, зерттеулерге сәйкес бұл екі процесс өзара теңестірілді, өйткені топырақтың құрылымдық жағдайында айтарлықтай өзгерістер байқалмады. Көпжылдық шөптесін өсімдіктерді (*Elytrigia*) өсірген кезде жағдай басқаша болды. Олар соңғы екі жылда топырақты өңдеусіз үш жыл бойы өсірілді. Қант құмайымен (*Sorghum*) салыстырғанда көбірек тармақталған және айтарлықтай үлкен массасы бар шөптердің тамыр жүйесі топырақ құрылымын түзуде маңызды рөл атқарды.

Өсімдік жамылғысының әсері тамыр жүйесінің даму дәрежесіне байланысты екені белгілі, яғни тамыр жүйесі мықты көпжылдық шөптесін өсімдіктер (*Elytrigia*) бір жылдық шөптесін өсімдіктерге қарағанда топырақ құрылымның түзілу процесіне көбірек әсер етеді. Өсімдіктердің әсерінен топырақ құрылымының түзілу процесінің өзі келесі кезеңдерден тұрады: топырақ массасының өсімдіктің тамыр жүйесі арқылы құрылымдарға бөлінуі және олардың тамыр бөліктері мен органикалық қалдықтардың ыдырауы барысында қажетті шамаларға қанығуы.

Көптеген ғалымдар көпжылдық шөптердің топырақ құрылымын түзуде маңызды рөл атқаратынын айтқан, мұны біздің зерттеулеріміз де растап отыр: жоңышқаны (*Medicago sativa*) үш жыл өсіргеннен кейін қажетті тұрақты шамалар орташа есеппен 9,9% артты, ал көпжылдық шөптесін өсімдік (*Elytrigia*) пен еркекшөп (*Agropyron*) – сәйкесінше 19,1% және 18,5% құрады [13,14].

Бидайкөл ауылшаруашылық аймағының қатты сортаңданған топырағының егістік қабатындағы топырақ құрылымының қажетті тұрақты шамасы орташа есеппен 11,7%-ды құрайды. Көпжылдық шөптесін өсімдіктерді (*Elytrigia*) өсіру мұндағы топырақ құрылымын жақсартуға мүмкіндік береді: 0,25-10,0 мм түйіршіктегі үш жыл өскен жоңышқаның (*Medicago sativa*) көлемі 12,8%-ға, көпжылдық шөптесін өсімдік (*Elytrigia*) – 14,9%-ға, еркекшөп (*Agropyron*) – 13,9%-ға артып отыр. Осы мәліметтерге қарап отырып, көпжылдық шөптердің қатты тұзданған топырақтағы топырақ құрылымына әсері әлсіз тұзданған топыраққа қарағанда біршама төмен болатыны байқалды, бұл мұндай топырақтарда өсімдік тамыр жүйесінің салыстырмалы түрде әлсіз дамуымен байланысты.

Зерттеу кезінде топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістерінің топырақ құрылымының динамикасына қалай әсер еткеніне келетін болсақ, әлсіз тұзданған топырақта айтарлықтай айырмашылықтар байқалған жоқ, тек 30 см жерді жырту кезінде оның өсімінің айтарлықтай төмендегенін байқауға болады, бұл өсімдіктің тамыр жүйесінің жеткіліксіз дамуымен байланысты екені анық. Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістері кезінде агрономиялық құнды қажетті шамалар жоңышқада (*Medicago sativa*) басқа шөптесін өсімдіктерге қарағанда – 6,5-10,0%, көпжылдық шөптесін өсімдіктерде (*Elytrigia*)

– 6,4-9,1%, еркекшөпте (*Agropyron*) – 5,9-8,5%, қант құмайында (*Sorghum*) – 2,5-4,5% аз болды.

Сонымен, көпжылдық шөптер топырақ құрылымына оң әсер етіп, егістік қабатының әлсіз тұзданған топырақтарда 9,9-19,1%-ға, ал қатты тұзданған топырақтарда 12,8-14,9%-ға жақсаруына жағдай жасады. Қант құмайы (*Sorghum*) бұл көрсеткішке, сондай-ақ топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістеріне айтарлықтай әсер етпеді. Тек қатты тұзданған топырақтарда жерді терең жырту (30 см) кезінде қажетті тұрақты шамалардың саны басқа өңдеу нұсқаларына қарағанда, шөптесін өсімдіктерде (*Elytrigia*) 5,9-10,0%, қант құмайында (*Sorghum*) – 2,5-4,5% төмендеді.

Топырақ құрылымының маңызды сипаттамаларының бірі оның тығыздығы болып табылады. Табиғи күйдегі топырақтың белгілі бір түріне немесе типіне сәйкес бірқалыпты тығыздық және өсімдіктердің өсуіне, дамуына және топырақ микроорганизмдерінің белсенділігіне байланысты қолайлы жағдайлар түзілетін оңтайлы тығыздықты ажыратуға болады. Белгілі бір дақылға қажет оңтайлы және бірқалыпты тығыздық болмаған жағдайда, онда топырақты қосымша өңдеу қажет болады, егер бұл көрсеткіштердің арасындағы айырмашылық неғұрлым көп болса, соғұрлым оны тереңірек және қарқынды өңдеу қажет.

Біз зерттеулер жүргізген тәжірибе аймағында әлсіз тұзданған топырақтың егістік қабатының көлемдік массасы 1,28-1,30 г/см³, қатты тұзданған топырақтыкі – 1,37-1,47 г/см³ болды. Қатты тұзданған топырақтың жоғары тығыздығы, сондай-ақ оның құрылымы топырақ коллоидтарының қайтымды коагуляциясын тудыратын бір валентті К⁺ және Na⁺ катиондарының жоғары болуымен байланысты. Ал топырақтың құрылымы оның көлемдік массасының функцияларының бірі және оған кері тәуелді болып келеді.

Тәжірибе аймағында қант құмайын (*Sorghum*) жыл сайынғы өңдеу барысында әлсіз тұзданған топырақта 1,30-1,32 г/см³ және қатты тұзданған топырақта 1,38-1,41 г/см³ бірқалыпты тығыздық қалыптасты және дақылдың жоғары өнімділігі сақталды (2-кесте).

2-кесте - 2019-2020 ж.ж. аралығындағы тұздану дәрежесіне, топырақты өңдеу әдісіне, уақытына байланысты мал азықтық дақылдарды еккеннен кейінгі топырақ қабатындағы (0-30 см) топырақтың көлемдік массасы, г/см³

Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістері	Тұздану дәрежесі	Бастапқы көрсеткіші	Қант құмайы (<i>Sorghum</i>)	Жоңышқа (<i>Medicago sativa</i>)			Көпжылдық шөптесін өсімдік (<i>Elytrigia</i>)			Еркекшөп (<i>Agropyron</i>)		
				1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
30 см жерді жырту, бақылау	1*	1,29	1,30	1,22	1,30	1,35	1,24	1,28	1,35	1,24	1,29	1,35
	2*	1,37	1,40	1,30	1,35	1,42	1,29	1,35	1,41	1,29	1,38	1,42
20 см жерді жырту	1	1,30	1,31	1,23	1,31	1,36	1,24	1,29	1,34	1,23	1,28	1,34
	2	1,38	1,41	1,28	1,35	1,41	1,29	1,36	1,42	1,28	1,39	1,43
20 см жерді қопсыту	1	1,28	1,30	1,24	1,31	1,36	1,25	1,29	1,34	1,24	1,29	1,33
	2	1,40	1,41	1,29	1,34	1,40	1,30	1,35	1,42	1,29	1,38	1,44
30 см жерді қопсыту	1	1,28	1,30	1,24	1,29	1,34	1,25	1,30	1,35	1,24	1,30	1,35
	2	1,41	1,39	1,31	1,35	1,42	1,29	1,36	1,40	1,30	1,40	1,43
20 см жерді жырту + топырақты 10 см тереңдету	1	1,29	1,32	1,23	1,28	1,34	1,26	1,31	1,35	1,25	1,31	1,34
	2	1,40	1,38	1,30	1,35	1,43	1,28	1,36	1,40	1,29	1,38	1,44

*1 – әлсіз тұзданған, *2 – қатты тұзданған

Оның үстіне топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістері оның мәніне еш әсер еткен жоқ, ал вегетациялық кезеңнің соңына қарай көлемдік массасы сол күйінде (топырақты өңдеу жұмыстары басталғанға дейін) сақталды.

Көпжылдық шөптесін өсімдіктерде (*Elytrigia*) жағдай басқаша болды. Бірінші жылы топырақ тығыздығының бастапқы көрсеткішпен салыстырғанда біршама төмендеуі (0,05-0,07 г/см³) байқалды. Екінші жылдың аяғында ол бастапқы деңгейге жетіп, үшінші жылдың аяғында 0,03-0,06 г/см³ көтерілді. Тығыздықтың мұндай динамикасы топырақ тұздылығының әлсіз және қатты дәрежесінде бірдей болды.

Көпжылдық шөптесін өсімдіктерден (*Elytrigia*) кейінгі топырақ тығыздығының артуы орақ маусымы кезінде шөп ору техникалары мен көліктерінің әрекетіне байланысты. Сонымен қатар оған жылына 4-5 рет вегетативті суару да ықпал етеді.

Сондай-ақ, көпжылдық шөптердің мықты тамыр жүйесі, егер ол топырақтың тығыздалуына себеп болмаған жағдайда, өздігінен топырақтың жұмсаруына және оның көлемдік массасының төмендеуіне әсер ететінін ескеру қажет.

2-кестеде көрсетілген мәліметтер қарама-қарсы позицияда әрекет ететін екі фактордың өзара әсерінің нәтижесі болып табылады: яғни, біріншісі тамыр жүйесінің топырақты қопсыту қабілеті және екіншісі суармалы су және шөп ору техникалары мен көліктерінің топырақты тығыздаушы әрекеті.

Бұл айтылғандардың барлығы ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен расталған. Сондықтан көпжылдық шөптесін өсімдіктерді жыртқаннан кейін топырақ құрылымы жағынан да, тығыздығы жағынан да жақсы көрсеткіштерге ие болады.

Талқылау. Агроекожүйедегі ауылшаруашылық дақылдарының экологиялық тұрақтылығы оның өнімділік көрсеткіші арқылы анықталатыны белгілі.

Жоғарыда айтқанымыздай әлсіз тұзданған топырақтарда 20-дан 30 см-ге дейін топырақ тереңдігі бойынша өңдеу арқылы топырақ тығыздығын, оның құрылымдық жағдайын жақсартуға және өсімдіктердің тамыр жүйесін арттыруға болады. Соған сәйкес өсімдіктердің ассимиляциялық бетінің ауданы, дақылдарының фотосинтездік әлеуеті (ДФӨ), фотосинтездің таза өнімділігі (ФТӨ) және фотосинтездік белсенді радиацияны (ФБР) пайдалану коэффициенті артады.

Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістерінің ішінен қопсытумен салыстырғанда жерді жырту әдісі тиімдірек болды, яғни, ол өсімдіктердің фотосинтездік белсенділігін жақсартып, арамшөптердің саны мен массасын азайтуға, топырақта қоректік заттардың көбірек жиналуына мүмкіндік берді.

Жоғарыда аталған барлық топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістерінің ішінде ең жақсы көрсеткіштер 20 см жерді жырту және оған қосы топырақты тағы 10 см қосымша тереңдеткенде байқалды.

Тұзды қабат 20 см тереңдіктен басталатын қатты тұзданған сортаң топырақтарда топырақ құнарлылығының барлық көрсеткіштерінің нашарлауы байқалды, шөптердің тығыз шығуы айтарлықтай төмен болды, ол өз кезегінде дақылдардың фотосинтездік белсенділігіне кері әсер етті. Сонымен қатар, әлсіз тұзданған сортаң топырақтағы сияқты, жерді терең (30 см-ге дейін) қопсыту топырақтың құнарлылығына және өсімдік тіршілігіне оң әсер етіп, бірақ мұндай көрсеткіш жерді 20 см-ге жырту әдісінде ғана байқалды. Оны 30 см-ге дейін тереңдету топырақтың тығыздалуына, оның құрылымының нашарлауына, агрохимиялық көрсеткіштерге және айтарлықтай дәрежеде шөптердің қалың өсуіне, шөпті пайдаланудың барлық кезеңінде өсімдіктің қалың өсуіне, сондай-ақ фотосинтетикалық белсенділігінің төмендеуіне алып келді.

Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістерінің және топырақтың тұздану дәрежесіне байланысты дақылдардың өнімділігі бойынша әлсіз тұзданған сортаң топырақтарда жерді қопсыту тереңдігін 20 см-ден 30 см-ге дейін ұлғайтқанда көпжылдық шөптесін өсімдік

(*Elytrigia*), еркекшөп (*Agropyron*) және қант құмайының (*Sorghum*) өнімділігі орташа есеппен – 0,3-1,2 т/га аздап өскені байқалды (3-кесте).

3-кесте - 2019-2020 ж.ж. аралығындағы топырақ тереңдігі бойынша өңдеу және топырақтың тұздану дәрежесіне байланысты мал азықтық дақылдарының өнімділігі, т/га

Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістері	Тұздану дәрежесі	Жоңышқа (<i>Medicago sativa</i>)	Көпжылдық шөптесін өсімдік (<i>Elytrigia</i>)	Еркекшөп (<i>Agropyron</i>)	Қант құмайы (<i>Sorghum</i>)	Өңдеу бойынша орташа мөлшері	%
1	2	3	4	5	6	7	8
30 см жерді жырту, бақылау	1*	35,8	33,4	29,4	51,6	37,6	100,0
	2*	17,2	21,3	23,0	28,7	22,6	100,0
	әлсіз тұзданған топырақта, %	48,0	63,8	78,2	55,6	60,0	-
20 см жерді жырту	1	31,5	28,7	26,2	45,2	32,9	87,5
	2	19,4	24,1	24,8	32,2	25,1	111,1
	әлсіз тұзданған топырақта, %	61,6	84,0	94,6	71,2	76,4	-
20 см жерді қопсыту	1	28,7	27,0	23,5	41,0	30,0	79,9
	2	18,0	22,4	21,9	29,6	23,0	101,8
	әлсіз тұзданған топырақта, %	62,7	83,0	93,2	72,2	46,6	-
30 см жерді қопсыту	1	32,1	27,5	23,8	42,2	31,4	83,5
	2	18,3	22,8	22,0	30,1	23,3	103,1
	әлсіз тұзданған топырақта, %	57,0	82,9	92,4	71,3	74,2	-
20 см жерді жырту + топырақты 10 см тереңдету	1	36,5	33,3	30,9	50,9	37,9	108,1
	2	19,9	24,9	26,7	33,3	26,2	115,9
	әлсіз тұзданған топырақта, %	54,5	74,8	86,4	65,4	69,1	-
Дақылдар бойынша орташа мөлшері	1	32,9	30,0	26,8	46,2	34,0	-
	2	18,6	23,1	23,7	30,8	24,0	-
	әлсіз тұзданған топырақта, %	56,5	77,0	88,4	66,7	70,6	-

*1 – әлсіз тұзданған, *2 – қатты тұзданған

Ал жоңышқа екенде бұл әдісті қолдану оның өнімділігіне айтарлықтай әсер етті – 3,4 ц/га. Көріп отырғандарыңыздай, жоңышқа (*Medicago sativa*) сияқты тамыр жүйесі бар дақылдар талшықты тамыр жүйесі бар дақылдарға қарағанда егістік қабаты тереңдеген сайын жақсы өнім беретінін байқауға болады.

Барлық дақылдар үшін 30 см-ге дейін жерді тереңдетіп жырту кезінде өнімділігінде айтарлықтай айырмашылық болды. Олардың орташа өнімділігі 4,7 т/га (14,3%) өсті.

Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістеріне келетін болсақ, қопсытуға қарағанда жерді жырту өнімділікті айтарлықтай арттырады: өңдеу тереңдігі 20 см болғанда – 2,9 т/га (9,7%), 30 см – 6,2 т/га (19,7%). 20 см жерді жыртқанда және 10 см топырақты қосымша тереңдеткен кезде 30 см жерді жыртқандағыдай мал азықтық дақылдардың жасыл массасының өнімі алынды.

Алынған мәліметтерге талдау жасай отырып, әлсіз тұзданған сортаң топырақтарда, кез-келген тереңдікте жерді қопсытумен салыстырғанда жерді жыртқан кезде шөптердің қалың өсуі, топырақтағы қоректік заттардың мөлшерінің жоғары болуы мал азықтық дақылдарының өнімділігінің айтарлықтай артуына әсер етті.

Қатты тұздаған сортаң топырақтарда барлық егілген дақылдардың өнімділігі орташа есеппен 29,4%-ға төмендеді, бірақ ол топырақты тереңдігі бойынша өңдеу әдістері бойынша жоңышқа (*Medicago sativa*) мен қант құмайында (*Sorghum*), орташа есеппен сәйкесінше, 43,5% және 33,3% пайызға төмендеді. Ал көпжылдық шөптесін өсімдік (*Elytrigia*) пен еркекшөптің (*Agropyron*) өнімділігі салыстырмалы түрде аз ғана – 23,0% және 11,6%-ға төмендеді.

Бұл көрсетілген зерттеулер аталған екі дақылдың қант құмайы және жоңышқамен (*Medicago sativa*) салыстырғанда тұзданған топырақтарда бейімделу мүмкіндігі жоғары екенін көрсетеді. Алайда, мұны өндіріс жағдайында пайдаланған кезде, егіс алдындағы өңдеу жұмыстары кезінде қабат айналымын 20 см-ден аспайтын тереңдікте пайдаланған жөн, ал қопсыту кезінде мұндай шектеулі тереңдік талап етілмейді.

Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістерінің ішінде қатты тұзданған сортаң топырақтарда 20 см тереңдікте жерді жырту және бір мезгілде топырақ асты қабатын (10 см) қопсыту ең үлкен нәтиже көрсетті. Жем-шөп дақылдарының жасыл массасын жинау 30 см жерді жырту кезінде – 15,9%-ға, 20 және 30 см жерді қопсыту кезінде – 1,8-3,1%-ға, 20 см жерді жыртқанда – 11,1%-ға артты.

Бұл нұсқада жоғары өнімділікке салмағы бойынша өскіндердің саны мен ішінара аудан бірлігіне келетін өсімдіктер саны бойынша алынған көрсеткіштері кіреді (4-кесте). Яғни, 1 м² қатты тұзданған топырақтарда өскіндер саны: жоңышқада (*Medicago sativa*) – 982, көпжылдық шөптесін өсімдікте (*Elytrigia*) – 973, еркекшөпте (*Agropyron*) – 1092, қант құмайында (*Sorghum*) – 36, ал 20 см жерді қопсыту кезінде – тиісінше 65; 19; 30 және 2 өсінге аз, жерді жыртқан кезде – тиісінше 82; 42; 44 және 5 болды. Дәл осындай төмендеу көрсеткіштері топырақ тереңдігі бойынша өңдеудің басқа нұсқаларында да байқалды.

Осы тұздану дәрежесі әртүрлі топырақтардағы агроценоздардың өнімділігі (y) туралы мәліметтерді талдай отырып, олардың өсімдіктер жинақтаған тамыр массасы (x) арасында төмендегідей регрессия теңдеулерімен бейнеленген тікелей сәйкестік байланысы болатыны анықталды, оның ішінде дақылдар бойынша:

жоңышқа (*Medicago sativa*) – $y = 0,089x + 2,116$, $R^2 = 0,758$ болғанда

көпжылдық шөптесін өсімдік (*Elytrigia*) – $y = 4,090x - 0,322$, $R^2 = 0,984$ болғанда

еркекшөп (*Agropyron*) – $y = 6,737x - 25,357$, $R^2 = 0,964$ болғанда

қант құмайы (*Sorghum*) – $y = 2,574x + 41,725$, $R^2 = 0,970$ болғанда.

Ал қатты тұзданған топырақтарда бұл тәуелділіктер біршама өзгеше:

жоңышқа (*Medicago sativa*) – $y = 0,089x + 2,1162$, $R^2 = 0,758$ болғанда

көпжылдық шөптесін өсімдік (*Elytrigia*) – $y = 6,071x - 9,798$, $R^2 = 0,808$ болғанда

еркекшөп (*Agropyron*) – $y = 6,103x - 16,213$, $R^2 = 0,953$ болғанда

қант құмайы (*Sorghum*) – $y = 2,776x + 23,391$, $R^2 = 0,935$ болғанда.

Әлсіз тұзданған топырақтарда ФТӨ (x) арқылы дақылдардың өнімділігінің (y) жоғары түйіндік дәрежесі төмендегі теңдеулермен сипатталады:

жоңышқа (*Medicago sativa*) – $y = 5,031x - 4,812$, $R^2 = 0,987$ болғанда

көпжылдық шөптесін өсімдік (*Elytrigia*) – $y = 14,374x - 14,784$, $R^2 = 0,906$ болғанда

еркекшөп (*Agropyron*) – $y = 3,561x + 41,02$, $R^2 = 0,995$ болғанда

қант құмайы (*Sorghum*) – $y = 4,074x - 37,422$, $R^2 = 0,119$ болғанда.

4-кесте - 2019-2020 ж.ж. аралығындағы топырақ тереңдігі бойынша өңдеу және топырақтың тұздану дәрежесіне байланысты мал азықтық дақылдарының өнімділік құрылымы

Топырақ тереңдігі бойынша өңдеу әдістері	Дақыл дар*	Қатты тұзданған топырақтарда				Әлсіз тұзданған топырақтарды			
		өсімдік саны, дана/м ²	өскіндердің саны, дана/м ²	10 өскіннің салмағы, г	биологиялық өнімділігі, т/га	өсімдік саны, дана/м ²	өскіндердің саны, дана/м ²	10 өскіннің салмағы, г	биологиялық өнімділігі, т/га
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
30 см жерді жырту, бақылау	1	148	1528	24,6	37,6	19	900	21,1	19,0
	2	67	994	36,7	36,5	36	931	24,8	23,1
	3	75	895	35,2	31,5	39	1048	22,9	24,0
	4	38	51	105,2	53,8	9	31	95,3	30,0
20 см жерді жырту	1	128	1368	24,2	23,1	62	963	21,8	21,0
	2	66	1155	36,7	30,4	65	957	25,6	24,5
	3	70	815	35,6	29,0	67	1065	23,1	24,6
	4	37	44	92,2	47,7	22	35	96,6	34,2
20 см жерді копсыту	1	127	1296	23,3	30,2	62	915	21,3	19,5
	2	67	1072	36,3	29,5	66	954	26,2	25,0
	3	75	721	35,5	25,6	72	1062	24,2	25,7
	4	36	42	96,8	43,4	21	34	95,5	32,0
30 см жерді копсыту	1	126	1468	23,5	34,5	63	916	21,5	19,7
	2	64	1088	36,9	29,5	61	961	25,8	24,8
	3	76	740	35,4	26,2	73	1062	22,5	23,9
	4	38	46	95,9	44,1	20	32	95,0	30,9
20 см жерді жырту + топырақты 10 см тереңдету	1	136	1429	26,8	38,3	61	982	21,7	21,3
	2	72	960	37,4	35,9	70	973	26,3	25,6
	3	80	905	36,9	33,4	76	1092	26,0	28,4
	4	38	50	107,4	53,7	21	36	98,2	35,6

*1 – жоңышқа (*Medicago sativa*); 2 – көпжылдық шөптесін өсімдік (*Elytrigia*); 3 – еркекшөп (*Agropyron*); 4 – қант құмайы (*Sorghum*)

Ал қатты тұзданған топырақтарда:
 жоңышқа (*Medicago sativa*) – $y = 6,185x + 12,793$, $R^2 = 0,25$ болғанда
 көпжылдық шөптесін өсімдік (*Elytrigia*) – $y = 18,79x - 26,711$, $R^2 = 0,385$
 болғанда

еркекшөп (*Agropyron*) – $y = 12,08x + 12,387$, $R^2 = 0,920$ болғанда

қант құмайы (*Sorghum*) – $y = 3,2x + 25,15$, $R^2 = 0,885$ болғанда.

Осы тәуелділік теңдеулерін пайдалана отырып, агроценоздардың ФТӨ бойынша болжамды өнімін алдын ала есептеуге болады, ал өнімділік бойынша олардың топырақ құнарлылығына және оның органикалық заттармен байытылуына қалай әсер ететінін бағалауға болады. Бұл мәліметтерді топырақта гумустың және басқа да қоректік заттардың жиналуы үшін баланстық есептеулерде де қолдануға болады.

Қорытынды. Мал азықтық дақылдарының өнімділігінің ең жақсы көрсеткіштері жерді жырту кезінде және топырақты қосымша 10 см тереңдету кезінде байқалды. Сондықтан бұл топырақ тереңдігі бойынша өңдеудің нұсқасын тұзданған жерлерде қолдану керек, сондай-ақ топырақтағы органикалық заттардың жиналуы, топырақ құнарлылығын арттыру биологиялық әдістермен байланысты болуы керек.

Аталған дақылдардың әрқайсысының – қант құмайының (*Sorghum*), көпжылдық шөптесін өсімдіктердің (*Elytrigia*) және жоңышқаның (*Medicago sativa*) – бір-бірінен қоректік құндылығы жағынан белгілі бір артықшылықтары бар. Сондықтан нақты шаруашылықта осы дақылдармен егіс алқаптарының қажеттіліктерін қанағаттандырып немесе олардың бейімделу қабілетін барынша тиімді пайдалану үшін қажетті пропорцияда бірлескен дақылдарды қамтамасыз ететін құрылым жасаған абзалырақ болады.

Әдебиеттер

[1] **Шамсутдинов, З.Ш.** и др. Создание системы экологически дифференцированных сортов аридных кормовых растений для фитомелиорации пастбищных агроландшафтов - Адаптивное кормопроизводство: проблемы и решения. – М.: Росинформагротех., - 2002. – С. 340-356.

[2] **Ануарбеков, К.К.** «Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы суармалы жерлердің су-тұз режимдері және оны реттеу жолдары» PhD доктор ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. ҚазҰАУ. – Алматы, 2014.

[3] **Ануарбеков, К.К.,** Зубаиров О.З., Нусипбеков М.Ж. Влияния орошения сточными водами на солевой состав и оценка загрязнения микроэлементами // ТОО «КазНИИВХ», Научные исследования в мелиорации и водном хозяйстве. Сборник научных трудов. Тараз, 2018. – Том 55, - 99-104 с.

[4] **Ионис, Ю.И.** и др. Проблемы аридного кормопроизводства и принципиальные подходы к их решению // Проблемы социально-экономического развития аридных территорий России / Тр. Прикасп. НИИ аридн. землед. – М.: РАСХН., - 2001. – Т. II. – С. 72-79

[5] **Shabbir A Shahid.,** Mohammad Zaman., Lee Heng. Guideline for Salinity Assessment, Mitigation and Adaptation Using Nuclear and Related Techniques. Book Open Access., 2018., pp 43-53

[6] **Muthuraman Yuvaraj.,** Kasiviswanathan Subash., Chandra Bose., E.Tawfik. Soil Moisture Importance. Book Open Access, 2021., pp 1-10

[7] **Vojegov, S.G.,** Dudchenko K.V. Modelling of salt composition of soils of rice crop rotations. Journal of Agrology., 2020, Volume 3, p.102-105

[8] **Volodymyr Pohrebennyk.,** Mykhailo Kulyk., Iryna Bihun. Evaluation of the Pollution Level of Surface and Waste Water. Journal of Ecological Engineering. July, 2020. 21(5):180-188

[9] **Drovovozova, T.I.,** Mariach S.A., Panenko N.N. Technical solutions for cleaning drainage water from irrigated areas. IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. Orlando, FL. 677, (2021)

[10] **Mohammadreza Gharibreza Hamidreza Masoumi.** Assessing the Quality of Surface Sediments in the Tajan River and Determining the Level of Ecological Pollution. Environment and Water Engineering. 27 November, 2020

[11] **Зубаиров, О.З.,** Ануарбеков К.К. Суармалы жерлерде топырақтың су-тұз режимдерін реттеу және мелиоративтік процестерді басқару. «Водное хозяйство Казахстана» научно-информационный журнал, Астана, №4 (54) июль-август, 2013. С.29-35

[12] **Лурье, Ю.Ю.,** Рыбникова А.И. Химический анализ производственных сточных вод. 4-е изд., перераб. и доп. – М. Химия, 1974.

[13] **Вальков, В.Ф.** Почвенная экология сельскохозяйственных растений. - М.: Агропромиздат, 1986.-208 с.

[14] **Жученко, А.А.** Адаптивное растениеводство. - Кишинев: Штинца, 1990.-432 с.

References

[1] **Shamsutdinov, Z.Sh. i dr.** Sozdanie sistemy` e`kologicheski differenczirovanny`kh sortov aridny`kh kormovy`kh rastenij dlya fitomelioraczii past`bishhny`kh agrolandshaftov - Adaptivnoe kormoproizvodstvo: problemy` i resheniya. – М.: Rosinformagrotekh., - 2002. – S. 340-356.

[2] **Anuarbekov, K.K.** «Sy`rdariya ozeni`ni`n tomengi` agy`sy`ndagy` sugarmaly` zherlerdi`n su-tuz rezhimderi` zhane ony` retteu zholdary`» PhD doktor gy`ly`mi darezhesi`n alu ushi`n dajy`ndalghan dissertacziya. QazUAU. – Almaty`, 2014.

- [3] **Anuarbekov, K.K.**, Zubairov O.Z., Nusipbekov M.Zh. Vliyaniya orosheniya stochny`mi vodami na solevoj sostav i ocenka zagryaznenii mikroelementami // TOO «KazNIIVKh», Nauchny`e issledovaniya v melioracii i vodnom khozyajstve. Sbornik nauchny`kh trudov. Taraz, 2018. – Tom 55, - 99-104 s.
- [4] **Ionis Yu.I. i dr.** Problemy` aridnogo kormoproizvodstva i principy`al`ny`e podkhody` k ikh resheniyu // Problemy` social`no-e`konomicheskogo razvitiya aridny`kh territorij Rossii / Tr. Prikasp. NII aridn. zemled. – M.: RASKhN., - 2001. – T. II. – S. 72-79
- [5] **Shabbir, A Shahid.**, Mohammad Zaman., Lee Heng. Guideline for Salinity Assessment, Mitigation and Adaptation Using Nuclear and Related Techniques. Book Open Access., 2018., pp 43-53
- [6] **Muthuraman Yuvaraj.**, Kasiviswanathan Subash., Chandra Bose., E.Tawfik. Soil Moisture Importance. Book Open Access., 2021., pp 1-10
- [7] **Vojevov, S.G.**, Dudchenko K.V. Modelling of salt composition of soils of rice crop rotations. Journal of Agrology., 2020, Volume 3, p.102-105
- [8] **Volodymyr, Pohrebennyk.**, Mykhailo Kulyk., Iryna Bihun. Evaluation of the Pollution Level of Surface and Waste Water. Journal of Ecological Engineering., July 2020. 21(5):180-188
- [9] **Drovovozova, T.I.**, Mariach S A., Panenko N.N. Technical solutions for cleaning drainage water from irrigated areas. IOP Conference Series: Earth and Environmental Science. Orlando, FL. 677 (2021)
- [10] **Mohammadreza Gharibreza Hamidreza Masoumi.** Assessing the Quality of Surface Sediments in the Tajan River and Determining the Level of Ecological Pollution. Environment and Water Engineering. 27 November, 2020
- [11] **Zubairov, O.Z.**, Anuarbekov K.K. Surarmaly` zherlerde topy`rakty`n su-tyz rezhimderi`n retteu zhəne meliorativti`k proczesterdi` baskaru. «Vodnoe khozyajstvo Kazakhstana» nauchno-informacziorny`j zhurnal, Astana, #4 (54) iyul`-avgust, 2013. S.29-35
- [12] **Lur`e Yu.Yu.**, Ry`bnikova A.I. Khimicheskij analiz proizvodstvenny`kh stochny`kh vod. 4-e izd., pererab. i dop. – M. Khimiya, 1974.
- [13] **Val`kov, V.F.** Pochvennaya e`kologiya sel`skokhozyajstvenny`kh rastenij. – M.: Agropromizdat, 1986.-208 s.
- [14] **Zhuchenko, A.A.** Adaptivnoe rastenievodstvo. – Kishinev: Shtinncza, 1990. - 432 s.

ОЦЕНКА АДАПТИВНОГО ПОТЕНЦИАЛА КОРМОВЫХ КУЛЬТУР НА ЗАСОЛЕННЫХ ПОЧВАХ

Ануарбеков К.К., PhD
Абдибай А.М., PhD докторант
Куватова Г.М., PhD докторант

*Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы қ.,
Республика Казахстан*

Аннотация. Проблема эффективного использования орошаемых земель в засушливых районах нижнего течения реки Сырдарья имеет большое значение, поскольку в этом регионе сосредоточено большинство всех сельскохозяйственных культур, выращиваемых в стране, общая площадь сельскохозяйственных угодий превышает 170 тыс.га (используемые), а население по последней переписи составляет более 800 тысяч человек. Кызылординская область – одна из областей Казахстана, занимающаяся выращиванием риса. В настоящее время под рисом возделывается около 75 тыс.га земли. В области из-за сильного засоления вышли из строя 33-35% орошаемых полей или около 65 тыс.га. Средняя засоленность составляет 4,562% (от массы сухой почвы) и этот показатель увеличивается с каждым годом. В результате регион не имеет возможности получать соответствующую продукцию.

По определению Ю.И.Иониса и др. экологическая сущность аридных территорий - это «царство экстремальных факторов», многие из которых, в том числе и засоленность, являются нерегулируемыми. Основным приемом создания продуктивных фитомелиорантов в этих условиях,

по их мнению, является подбор культур и сортов, толерантных к засолению и другим экстремумам, а также адаптация их к конкретным условиям среды.

Поэтому для решения этих задач в статье приведены изучение адаптационного потенциала кормовых культур на засоленных почвах, способы их обработки по глубине почвы, устойчивость кормовых культур к степени засоления, плодородие почвы после посева кормовых культур, показатели объемной массы почвы, а также урожайность кормовых культур методом обработки по глубине почвы и т.д.

Ключевые слова: засоление, орошаемое земледелие, галофиты, мезагалофиты, адаптивный потенциал, экосистем, кормовые культуры.

EVALUATION OF THE ADAPTIVE POTENTIAL OF FORAGE CROPS ON SALT SOILS

Anuarbekov K.K., PhD

Abdibay A.M., doctoral student

Kuvatova G.M., doctoral student

Kazakh National Agrarian Research University, Almaty city, Republic of Kazakhstan

Annotation. The problem of efficient use of irrigated lands in the arid regions of the lower reaches of the Syrdarya River is of great importance, since this region contains the majority of all agricultural crops grown in the country, the total area of agricultural land exceeds 170 thousand hectares, and the population according to the last census is more than 800 thousand people. Kyzylorda region is the only region in Kazakhstan engaged in rice cultivation. Currently, about 75,000 ha are under rice cultivation. In the region, 33-35% of irrigated fields, or about 65,064 hectares, were out of order due to severe salinization. The average salinity is 4.562% and this figure is increasing every year. As a result, the region does not have the opportunity to receive significant productivity.

According to the definition of Yu.I. Ionis et al., the ecological essence of arid territories is “the realm of extreme factors”, many of which, including salinity, are unregulated. The main method for creating productive phytomeliorants under these conditions, they believe, is the selection of crops and varieties that are tolerant to salinity and other extremes, as well as their adaptation to specific environmental conditions.

Therefore, to solve these problems, the article presents the study of the adaptive potential of fodder crops on saline soils, methods for their processing by soil depth, the resistance of fodder crops to the degree of salinity, soil fertility after sowing fodder crops, indicators of soil volumetric mass, as well as after processing methods by depth. soil productivity of fodder crops, etc.

Key words: salinization, irrigated agriculture, halophytes, mesahalophytes, adaptive potential, ecosystems, fodder crops.

ОБОСНОВАНИЕ ПРИМЕНИМОСТИ ПРОМЫШЛЕННОГО ОТХОДА ФОСФОГИПСА ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ПЛОДОРОДИЯ ПОЧВ

Сенников М.Н.¹, доктор технических наук, профессор
Sennikov_m@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4944-2128>

Омарова Г.Е.¹, доктор технических наук, доцент
Galiyaomar@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-7776-6600>

Турсунбаев Х.И.¹, старший преподаватель-исследователь
khambar2016@yandex.ru, <https://orcid.org/orcid0000-0003-0671-8307>

Шаянбекова Б.Р.², кандидат технических наук, доцент
shbakhyt_67@list.ru, <https://orcid.org/0000-0003-0399-6387>

Омаров К.А.², кандидат географических наук, профессор
kaliom@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3128-8206>

¹Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, г.Тараз, Республика Казахстан,

²Кызылординский университет им.Коркыт-Ата, г.Кызылорда, Республика Казахстан.

Аннотация. В статье приведены основные этапы технологических процессов использования химических мелиорантов - фосфогипса для повышения плодородия сероземных почв на землях аридного региона Казахстана.

Существующие технологии орошения не всегда отвечают современным требованиям, поэтому в условиях нарастающего прогноза острого дефицита водных ресурсов требует внедрения новых методов для повышения плодородия почвы путем проведения агро-мелиоративных мероприятий. На деградированных и солонцовых почвах были внедрены различные дозы химмелиорантов и в полевых экспериментальных условиях определены оптимальные варианты восстановления плодородия почв.

В этой связи для улучшения состояния и снижения засоленности сероземных почв разработана технология внесения фосфогипса совместно с другими необходимыми мелиоративными мероприятиями, которые позволяют не только улучшить физические, химические, биологические свойства почв, но и повышение урожайности рекомендуемых сельскохозяйственных культур.

Использование оптимальной технологии внесения фосфогипса с дозированными нормами позволяет улучшить свойства почв путем дополнительной подкормки на деградированных почвах орошаемых земель юга республики и экологическую ситуацию региона.

Ключевые слова: Мелиорация, фосфогипс, деградированные солонцовые почвы, утилизация, агроландшафт.

Введение. В очередном послании к народу Казахстана Президентом Республики отметил о восстановлении плодородности деградированных и засоренных орошаемых земель с доведением площади используемых земель до 3,0 млн. гектаров. Однако, для увеличения объема продовольственной продукции необходимо рационально и рентабельно использовать имеющиеся земельные ресурсы. В настоящее время с резким изменением климата целом по республике около 33 млн гектар подвержены к деградации земель с интенсивным засолением почвы с образованием солончаковых пустынных регионов на юге и юго-востоке республики. В настоящее время из общей площади орошаемых земель южного региона Казахстана около 30% подверглись к засолению, осолонцеванию и потерям запасов питательных веществ. Такие создавшиеся антропогенные и экологические состояния земель требует изыскать дополнительные возможности и мероприятия рационального использования резервов природных ресурсов, совершенствовать существующие методы с необходимыми технологическими решениями для повышения плодородия земель [1-3].

В современных условиях, когда остро стоит вопрос об обеспеченности земель водными ресурсами решение данной проблемы возможно при использовании водосберегающих технологий с правильным проведением агрономических мероприятий.

Исходя из этого, наряду с водными ресурсами важнейшими мировыми проблемами также является загрязнение окружающей среды. На территории Жамбылской области накопилось большое количество отходов химической промышленности под видом фосфогипса, которая требует ее утилизации [1-3]. Из результатов исследований многочисленных ученых и исследователей этих отходов химической промышленности – фосфогипса, его можно использовать в качестве удобрения для различных видов сероземных почв, позволяющее улучшить физико-химическое состояние с повышением плодородности их [4, 5]. При внесении фосфогипса в почву увеличивается порозность [5], снижается степень засоленности почвы [6]. Также, увеличивается скорость впитывания воды почвой на 30–35 % и снижается испарение поливной воды [7]. Следует отметить, что внесение фосфогипса в качестве удобрения в 25 раз дешевле обходится по сравнению с концентрированными удобрениями, т. е. мы в два раза больше получаем эффект от его применения, это во-первых, утилизацию отхода (использование до 16 тонн/га) и использование его в качестве удобрения для деградированных сероземных почв земель южного региона РК.

Процесс повышения продуктивности и устойчивости почв требует совершенствования и внедрения синтеза природоподобных технологий с использованием оптимальных вариантов с необходимыми техническими решениями.

Мы знаем, что почвенная среда это динамическая среда, эволюционируемая при изменении условий развития растений путем дополнительного питания растений, внесения удобрений, климатические флуктуации и влияние антропогенных воздействий на повышение урожайности сельскохозяйственных культур путем коррекции свойств почв, т.е. проведения химической мелиорации.

Для решения задачи биологического разнообразия в природе необходимо учесть особенности свойств почв, которая не всегда соответствует требованиям агротехники и требует проведения дополнительных агрономических мероприятий с использованием ресурсосберегающих технологий возделывания сельскохозяйственных культур [7].

Многие ученые в своих научных работах отмечали, что предлагаемые агротехнические работы должны решать задачи не только питания растений, но и в строгой взаимосвязи с особенностями окружающей среды [8] и создание благоприятных условий агроландшафта [3]. В этой связи, в научных работах отмечены пути использования фосфоросодержащих отходов из хвостохранилищ [4, 5].

О существующих ситуациях и мероприятиях используемых по утилизации отходов химической промышленности – фосфогипса были отмечены в работах ученых ближнего и дальнего зарубежья [4-7, 9].

В этой связи, в научных работах отмечены пути использования фосфоросодержащих отходов из хвостохранилищ [4, 5]. В сложившихся условиях для решения поставленного вопроса требует переосмысления существующих подходов и технических решений для ее реализации. Проведение мероприятий по коренному улучшению засоленных, солонцеватых, песчаных земель требует внедрения комплекса оптимальных противоэрозионных мероприятий и рекультивацию нарушенных земель.

Актуальность темы. Существующие антропогенные и экологические ситуации требуют проведения новых отвечающим всем необходимым требованиям агротехнических мероприятий для рационального использования и совершенствования методов восстановления и повышения плодородия деградированных земель [3]. Из этого следует, что при этом можно рекомендовать широкое использование оптимальной

технологии отвечающим всем экономическим, технологическим и экологическим требованиям.

В настоящее время промышленный отход - фосфогипс накоплен в объеме до 11 млн. тонн на свалках предприятия ТОО «Казфосфат». Имеются научные исследования и разработаны методы восстановления физико-химических свойств деградированных почв с использованием фосфогипса. Но, данный вопрос требует проведения дополнительных научных исследований и разработок по повышению плодородности сероземных почв юга республики. Рассматриваемый вопрос еще не до конца изучен и требует проведения дополнительных исследований.

Методы и условия исследований. Принципиальным отличием и особенностью данного исследования является комплексный подход решения вопроса и внедрения технологии внесения фосфогипса на солонцовых почвах орошаемых земель. Для улучшения состояния деградированных солонцовых земель и улучшения окружающей среды южного региона республики была предусмотрена технология внесения оптимальной дозы фосфогипса. Для этого были использованы несколько вариантов внесения и определения свойств почвенных процессов путем регулирования физико-химических свойств и питательных режимов при внесении различных доз фосфогипса.

Экспериментальные полевые исследования будут выполняться в соответствии с действующими нормативными документами и утвержденными методами и методиками, нормами и правилами технологической и экологической безопасности с наиболее эффективными и приемлимыми методами, как: оценка эффективности применения фосфогипса с точки зрения производственной (урожайность, использование земель и т.д.) или агроэкологической (плодородие почв, изменение агроландшафтов) особенности, будет дана экономическая оценка адаптированных систем земледелия (в частности в Жамбылской области), влияние различных доз фосфогипса на водно-физические и физико-химические свойства солонцовых почв, научно-обоснованные, эколого-мелиоративные приемы регулирования плодородия орошаемых почв и урожайности сельскохозяйственных культур.

Полевые исследования проводились на опытных участках, где были установлены оптимальные нормы внесения фосфогипса на солонцовых сероземных почвах и будут осуществляться по следующим вариантам с использованием необходимой методологии определения основных показателей изменения свойств деградированных почв по следующим вариантам [6]:

- без применения фосфогипса (контроль);
- с внесением фосфогипса (нормой 2 тн/га);
- с внесением фосфогипса (нормой 4 тн/га);
- с внесением фосфогипса (нормой 6 тн/га).

Қанның ақ түйіршектерінің немесе лейкоциттердің мөлшері бойынша, 4,5 айлығында қара түсті жакетті елтірілік типті қозыларында ($6,21 \text{ мың}/\text{мм}^3$) ең жоғары болғанын, одан кейін көк түсті қара көк реңді жакетті елтірілік типті ($5,76\text{-}5,98 \text{ мың}/\text{мм}^3$), соңында ашық көктер реңді жакетті елтірілік типті қозылар ($5,56\text{-}5,69 \text{ мың}/\text{мм}^3$), ал 12 айлығында сәйкесінше $6,33 \text{ мың}/\text{мм}^3$; $5,62\text{-}5,89$ және $5,10\text{-}5,51 \text{ мың}/\text{мм}^3$ аралығында болатыны анықталды. Егер лейкоциттердің мөлшері малдар ағзасының табиғи резистенттілік деңгейін анықтайтындығын ескеретін болсақ, онда қаракөл қозыларында резистенттіліктің деңгейі ашық көктен бастап, қара түске дейін біртіндеп артады деп тұжырымдауға болады. Қара түсті жакетті елтірілік типті қозылар резистентті түрлерге жатады. Бұнда байқалатын ақ қандағы нейтрофилдердің, лимфоциттердің және моноциттердің жоғары үлес салмағының жоғары екендігін көруге болады. Бұл ақ қанның пішінді элементтерінің қысқаруы көк түсті күміс реңді жакетті елтірілік типті қозыларда және сонан кейін көгілдір және қырау көк реңді жакетті елтірілік типті қозыларда, ал болат және сүт реңді жакетті елтірілік типті қозылар резистенттілігі төмен болатындығы анықталды. Көк реңділерінде ақ қанның айырмашылығы мен түзілісі бойынша қара көк қозылар алда, одан кейін орташа көк, соңында ашық көк қозыларда болатыны анықталды.

Безофилдер және эозинофилдердің ең жоғарғы мөлшері қара және көк түсті қара көк реңдіде, ал ең төменгі көк түсті ашық көк реңді қозыларында болатыны анықталды. Көк түсті орташа көк реңді қозылар аралық орында болды.

Қызыл және ақ қанның маусымдық өзгеруі, қан құрамындағы эритроциттер, лейкоциттер мен тромбоциттердің мөлшері 4,5 айлығына қарағанда 12 айлығындағы қаракөл қозылары елеулі деңгейде жоғары болатыны анықталды. Бұл құбылыстың көптеген себептерінің бірі, 12 айлығына яғни қыс айында қозылардың ағзасына дәрумендердің, ферменттердің, микроэлементтердің жетіспеушілігін, қондылығының кенеттен төмендеуі мен имунитеттерінің жоғалуын жатқызуға болады. Биохимиялық көрсеткіштердің ішінде гемоглабинді, сілтілік фосфатазаны, қышқыл фосфатазаны, аланинамино трансферазаны (аланин-АТ) аспартаминотрансферазаны (аспартат – АТ), церуллопламинаны және каталазаны анықтаудың маңызы өте зор. Қара және көк түсті әртүрлі реңді жакеттік елтірілік типті қаракөл қозылары қанының биохимиялық көрсеткіштері 2-кестеде келтірілген. 2-ші кестеден көрініп тұрғандай, қозылар қанындағы гемоглобиннің мөлшері олардың түсі мен реңіне байланысты айтарлықтай деңгейде ауытқып отыратыны анықталды. Гемоглобиннің ең көп мөлшері қара түсті жакетті елтірілік типті қозыларда ($103,7 \text{ г}/\text{л}$) байқалады, бұл көрсеткіш бойынша олардан кейін көк түсті маржан реңді жакетті елтірілік типті ($98,8 \text{ г}/\text{л}$), ең төменгі көк түсті болат реңді қозыларда ($82,5 \text{ г}/\text{л}$) болатыны анықталды. Гемоглобиннің ең мол мөлшері көк түсті қозылардың ішінен қара көк реңді ($93,6\text{-}98,8 \text{ г}/\text{л}$), одан кейін орташа көк реңді қозыларында ($90,3\text{-}92,3 \text{ г}/\text{л}$) болса, ал соңғы қатарда ашық көк қозыларында ($82,5\text{-}85,5 \text{ г}/\text{л}$) болатыны байқалады. 4,5 айлығында гемоглобиннің мөлшері 12 айлығына қарағанда көк түсті қорғасын реңді жакетті елтірілік типті қозыларда ($22,4\%$) елеулі деңгейде артқанын көруге болады. Олардан кейін көк түсті маржан реңді жакетті елтірілік типті ($21,6\%$), соңынан қара түсті жакетті елтірілік типті қозыларда ($4,3\%$) байқалды. Қара түсті жакетті елтірілік қозыларын ($44,2$) сілтілік фосфатазаның белсенділігі бойынша көк түсті қозыларына қарағанда $14,2\text{-}27,4\%$ жоғары болатыны анықталды. Көк түсті қара көк реңді жакетті елтірілік типті ($38,7$), одан кейін маржан реңді жакетті елтірілік типті ($37,2$), ең соңында көк түсті көгілдір реңді жакетті елтірілік типті қозылары ($34,7$) болды. Сонымен қатар, сілтілік фосфатазаның белсенділігі 4,5 айлығында көк түсті қара көк реңді қозыларда ($84,6$) бәрінен жоғары болатыны дәлелденді.

2-кесте – Қара және көк түсті жакетті елтірілік типті қаракөл қозылары қанының биохимиялық көрсеткіштері

Қан құрамының көрсеткіштері	Қара түсті	Көк түсті							
		реңдері							
		ашық - көктер		орташа - көктер			қара - көктер		
		болат	сүт	көгілдір	күміс	қорғасын	қырау көк	маржан	қара көк
Туылған кезіндегі									
гемоглобин, г/л	103,7±3,8	82,5±5,48	85,5±5,68	90,3±5,26	92,3±4,85	91,7±5,13	93,6±3,69	98,8±4,25	96,8±4,10
сілтілі фосфатаза	44,2±4,98	35,2±3,41	35,7±3,28	34,7±4,58	36,7±5,62	35,9±6,21	36,7±5,74	37,2±5,28	38,7±6,23
қышқыл фосфатаза	11,6±2,42	8,5±1,58	8,4±2,14	10,4±1,98	10,4±2,12	10,0±1,91	10,1±1,98	9,4±2,28	9,8±2,08
аланин-АТ, мкмоль/л	0,22±0,08	0,19±0,10	0,20±0,09	0,20±0,11	0,20±0,08	0,21±0,11	0,18±0,08	0,21±0,04	0,19±0,08
аспарат-АТ, мкмоль/г	0,29±0,09	0,25±0,12	0,24±0,13	0,24±0,10	0,22±0,09	0,22±0,07	0,25±0,14	0,27±0,11	0,24±0,11
церулоплазмин, мг%	17,9±1,18	14,2±1,15	14,5±1,12	15,6±1,19	14,7±2,08	15,1±1,98	15,6±1,50	16,5±1,45	16,6±1,52
каталаза, мм	0,86±0,09	0,74±0,19	0,72±0,29	0,76±0,54	0,82±1,20	0,80±0,95	0,74±0,52	0,81±0,27	0,85±0,42
4,5 айлығында									
гемоглобин, г/л	120,4±3,5	106,2±4,05	104,2±4,57	108,8±4,27	110,2±4,59	112,8±5,21	115,6±4,95	118,1±3,95	118,8±4,50
сілтілі фосфатаза	86,6±6,47	87,3±5,24	83,8±3,87	80,6±5,28	81,8±5,27	82,6±5,65	83,3±5,78	83,6±6,28	84,6±6,54
қышқыл фосфатаза	12,0±2,34	9,2±1,69	9,4±1,84	10,7±2,10	10,9±2,18	11,2±1,94	11,5±1,88	11,7±2,17	11,7±2,28
аланин-АТ, мкмоль/л	0,32±0,11	0,20±0,09	0,24±0,12	0,27±0,07	0,29±0,08	0,29±0,12	0,29±0,11	0,27±0,08	0,29±0,10
аспарат-АТ, мкмоль/г	0,51±0,24	0,48±0,19	0,47±0,18	0,49±0,18	0,45±0,20	0,47±0,24	0,44±0,17	0,49±0,18	0,46±0,15
церулоплазмин, мг%	41,3±1,24	40,1±1,36	39,7±1,21	40,6±1,34	40,0±1,22	40,1±1,08	39,8±2,01	42,3±1,98	41,9±1,63
каталаза, мм	0,88±0,51	0,67±0,27	0,66±1,24	0,69±1,01	0,74±0,95	0,72±0,86	0,75±0,47	0,79±1,20	0,76±1,27
12 айлығында									
гемоглобин, г/л	115,4±3,2	95,6±5,12	94,9±5,27	98,5±4,68	90,8±4,13	92,1±4,63	95,2±5,05	97,1±4,56	98,3±5,41
сілтілі фосфатаза	75,5±4,57	72,9±4,27	71,8±3,12	70,0±4,52	70,1±4,16	71,6±4,66	72,9±4,61	73,8±5,01	75,6±5,02
қышқыл фосфатаза	12,8±2,41	10,4±2,04	10,6±1,95	10,1±1,71	10,6±1,85	11,0±2,87	11,1±2,46	11,0±2,20	11,2±2,34
аланин-АТ, мкмоль/л	0,30±0,19	0,22±0,08	0,28±0,12	0,29±0,14	0,26±0,17	0,25±0,09	0,28±0,10	0,25±0,12	0,28±0,14
аспарат-АТ, мкмоль/г	0,45±0,12	0,40±0,10	0,42±0,09	0,44±0,12	0,45±0,11	0,42±0,14	0,46±0,18	0,48±0,09	0,44±0,10
церулоплазмин, мг%	39,3±1,38	37,4±1,37	36,6±1,24	38,6±1,95	37,8±2,12	37,9±1,57	38,2±1,68	39,3±1,54	38,8±1,87
каталаза, мм	0,82±0,69	0,71±0,54	0,71±0,24	0,70±0,31	0,76±0,27	0,74±0,61	0,74±0,52	0,79±0,34	0,80±0,53

Одан кейін орташа көк (86,6), соңында ашық көк реңді қозылар (67,2) болды. Қышқыл фосфатазаның белсенділігі жөнінен қара түсті жакетті елтірілік типті қозыларда бәрінен жоғары болды. Одан кейінгі кезекте маржан және қара көк реңді жакетті елтірілік типті, соңында көк түсті болат реңді жакетті елтірілік типті қозылар болды. Туылған кезі мен 4,5 айлығында қышқылды фосфатазаның белсенділігі қара түсті қозыларда жоғары болатыны, одан кейінгі кезекте қара көк реңді қозылар, бұл көрсеткіш бойынша соңында ашық көк қозылар, әсіресе көк түсті болат реңді жакетті елтірілік типті қозыларда болатыны анықталды.

Туылған кезі мен 4,5 айлығында аланин-АТ мөлшері қара түсті жакетті елтірілік типті қозылары көк түсті қозыларына қарағанда жоғары болатыны анықталды. Қара түсті жакетті елтірілік типтерінде 0,22-0,32 мкмоль/л аралығында болса, көк түсті қозыларына 0,18-0,29 мкмоль/л аралығында болды. Аланин-АТ мөлшері көк түсті жакетті елтірілік типті қозылардың ішінде қара көк түсті қозыларда (0,18-0,29 мкмоль/л) жоғары деңгейде болса, ал ашық көк реңді жакетті елтірілік типті қозыларда (0,19-0,24 мкмоль/л) ең төменге көрсеткіш болатыны анықталды.

Аспартат-АТ мөлшері туылған кезінде және 4,5 айлығында көк түсті жакетті елтірілік типті қозылар арасында айтарлықтай айырмашылық болды. Аспартат-АТ мөлшері көк түсті қозылардың арасында маржан реңді жакетті елтірілік типті (0,27-0,49 мкмоль/г) қозыларда бәрінен жоғары болды, бұл көрсеткіш бойынша ашық және орташа реңді қозыларына қарағанда 11,4-22,7% ($P < 0,05$) жоғары болатыны анықталды.

Қозылардың 4,5 айлығында церулоплазминнің мөлшері көк түсті маржан реңді жакетті елтірілік типті - 42,3 мг/%, көк түсті қара көк реңді жакетті елтірілік типті - 41,9 мг/%, ал көк түсті сүт және қырау көк реңді жакетті елтірілік типті қозыларында – 39,7-39,8 мг/% көлемінде болатыны анықталды. Церулоплазминнің мөлшері қара түсті жакетті елтірілік типті қозыларында - 42,3 мг/%, көк түсті маржан және қара көк реңді жакетті елтірілік типті қозыларына қарағанда жоғары болатыны анықталды. Қара түсті жакетті елтірілік типті қозылардың каталазаның белсенділігі туылған кезі мен 4,5 айлығында көк түсті ашық көк, орташа және қара көк реңді жакетті елтірілік типті қозыларынан жоғары болатыны анықталды. Қара түсті қозылар қанының каталазаның белсенділігі туылған кезінде 0,86 мм 4,5-12 айлығында 0,88 мм-ден 0,82 мм –ге дейін 7,32% төмендеген.

Егер көк түсті қозыларды енесінен каталазаның белсенділігі туылаған кезінде орташа мөлшері 0,78 мм (100,0%) болса, қозылардың 4,5 айлығында 0,72 мм құрап, біршама (8,33%), қозылардың 12 айлығында бұл көрсеткіштің орташа мөлшері 0,74 мм шамасында болып, 5,40% төмендейтінін көруге болады. Көрсетілген биохимиялық айырмашылықтарда жасалған талдау барысында қара түсті жакетті елтірілік типті қозылардың ағзасында көк түсті қозыларға қарағанда биохимиялық процестер салыстырмалы түрде қарқындырақ жүреді деп тұжырымдауға болады.

Қорытынды. Қозылардың 4,5 айлық жасында қанның морфологиялық және биохимиялық көрсеткіштері туылған кезіндегі мен 12 айлық жасындағы қозыларға қарағанда айырмашылықтар бар екендігі, эритроциттердің санының көбеюімен қатар гемоглобин мөлшері артып, керісінше тромбоциттердің кемуі байқалады, сонымен қатар қозылардың түсі мен реңіне байланысты өзгеріп тұратындығы анықталды.

Әдебиеттер:

[1] **Затеев, Д.В.** Гематологические показатели крови и естественная резистентность баранчиков кавказской породы разных климатических зон / Овцы, козы, шерстяное дело., - 2017. - №2. – С. 43 – 45.

[2] **Молчанов, А.В.** Морфологические и биохимические показатели крови баранчиков эдильбаевской породы разного типа рождения / Овцы, козы, шерстяное дело., - 2018. - №2. – С. 44-45.

- [3] **Молчанов, А.В.** Гематологические показатели и биохимический статус крови баранчиков эдильбаевской породы с разной величины курдюка / Овцы, козы, шерстяное дело. – 2017. - №2. – С. 39 – 40.
- [4] **Azhimetov, N.N., Parzhanov Z.A., Azhibekov B.A., Mustiyar T.A., Baibekov E.,** (2020) Selection method of karakul sheep of gray color by Viability // *EurAsian Journal of BioSciences Eurasia J Biosci* 14, 343 – 345 <http://dois.fnac.center/0372-3054/1.13.2020/009>
- [5] **Погодаев, В.А., Сергеева Н.В., Алучиев Б.К., Марченко В.В.** Морфологические показатели крови помесного молодняка овец калмыцкой породы и помесей F1 калмыцкая курдючная х допер / Овцы, козы, шерстяное дело., - 2018. - №3. – С. 55 – 57.
- [6] **Gupta, A.R., Putra R.C., Sani M., Swarup D.,** (2007) Haematology and serum biochemistry of Chital (*Axis axis*) and barking deer (*Muntiacus muntijax*) reared in semi-captivity // *Vet. Res. Comm.* 31, 2007, 801–808. <https://doi.org/10.1007/s11259-006-0095-8>
- [7] **Polizopoulou, Z.S.,** (2010) Haematological tests in sheep health management // *Small Rum. Res.* 92, 88–91. <https://doi.org/10.1016/j.smallrumres., 2010.04.015>
- [8] **Муратова, В.В.** Морфологический состав крови и показатели иммунитета баранчиков эдильбаевской породы в зависимости от живой массы / Научно-практические основы развития пустынно-пастбищного животноводства и предотвращения опустынивания // *Материалы междунаучно-практической конференции.* – Самарканд, 2019. – С. 126 – 128 Ажиметов Н.Н. Состав крови у тонкорунных овец шерстно-мясного направления / *Научный журнал Высшая школа Казахстана.* – 2015. - №3. – С. 15-20
- [9] **Досымбеков, Т.Д.** Клинические показатели и гематологический состав крови животных в условиях Южного Прибалхашья / *Научный журнал Поиск.* – Алматы, 2016. -№3. – С. 21 – 30
- [10] **Жумашев, Ж.Ж.** Связь морфологических показателей крови овец с энергией роста молодняка овец различного происхождения / *Сб. науч. Тр. КазНАУ.* – Алматы, 1999. - Т.1. – С. 49 – 52
- [11] **Мусаханов, А.Т.** Изменчивость морфологических показателей крови у мясошерстных овец / *Научный журнал Поиск.* – Алматы, 2015. -№2. – С. 37 – 41
- [12] **Сейткалиев, К.С.** Некоторые морфологические показатели крови и их связь с продуктивностью овец разных пород / *Вестник с.-х. Науки Казахстана.* – Алматы, 2001. - №5. – С. 15 – 18
- [13] **Козин, А.Н.** Гематологические показатели и биохимический статус крови баранчиков волгоградской породы с разной тониной шерсти / Овцы, козы, шерстяное дело., – 2015. -№3. – С. 33 – 35
- [14] **Jackson, P.G.G., Cockcroft P.D.,** (2002) *Clinical Examination of Farm Animals* // Blackwell science Ltd.; Ames, IN, USA, 302.
- [15] **Gallo, S.S.M., Ederli N.B., Oliveira F.C.R.,** (2017) Hematological and morphometric differences of blood cells from rheas, *Rhea americana* (Struthioniformes: Rheidae) on two conservation farms // *Braz. J. Biol.* 227–233. <https://doi.org/10.1590/1519-6984.07915>
- [16] **Habibu, B.M.U., Kawu T., Aluwong M.H.J.,** (2017) Influence of seasonal changes on physiological variables, haematology and serum thyroid hormones profile in male Red Sokoto and Sahel goats // *J. Appl. Anim. Res.*, 45 (1), 508 – 516 <http://dx.doi.org/10.1080/09712119.2016.1220384>
- [17] **Banerjee, D., Upadhyay R.C., Chaudhary U.B., Kumar R., Singh S., Das A.T.K., De S.,** (2015) Seasonal variations in physio-biochemical profiles of Indian goats in the paradigm of hot and cold climate // *Biol. Rhythm. Res.*, 46 (2), 221 - 236 <http://dx.doi.org/10.1080/09291016.2014.984999>
- [18] **Singh, K.M., Singh S., Ganguly I., Ganguly A., Nachiappan R.K., Chopra A., Narula H.K.,** (2016) Evaluation of Indian sheep breeds of arid zone under heat stress condition // *Small Rumin. Res.*, 141, 13-117 <http://dx.doi.org/10.1016/j.smallrumres., 2016.07.008>
- [19] **Kochewad, S.A., Raghunandan T., Rao K., Reddy K.K., Kumari N.N., Ramana D.B.V., Balamurugan T.C., Kankarne Y., Kumar S., Meena L.R.,** (2017) Effect of different farming systems on physiological response, blood parameters and endocrinological profiles in Deccani sheep // *Indian J. Anim. Sci.*, 87 (7), 856 – 858 <http://dx.doi.org/10.56093/ijans.v88i12.85796>

References:

- [1] **Zatev, D.V.** Gematologicheskie pokazateli krovi estestvennaya rezistentnost baranchikov kavkazskoi porody raznih klimaticheskikh zon / *Овцы, козы, шерстяное дело.*, – 2017. -№2. – С. 43 – 45.

- [2] **Molchanov, A.V.** Morfologicheskiye i biokhimicheskiye pokazateli krovi baranchikov edil'bayevskoy porody raznogo tipa rozhdeniya / Ovzy, kozy, sherstianoe delo., – 2018. -№2. – S. 44 – 45.
- [3] **Molchanov, A.V.** Gematologicheskiye pokazateli i biokhimicheskiye status krovi baranchikov edil'bayevskoy porody s raznoy velichiny kurdyuka / Ovzy, kozy, sherstianoe delo., – 2017. -№2. – S. 39 – 40.
- [4] **Azhimetov, N.N.,** Parzhanov Z.A., Azhibekov B.A., Mustiyar T.A., Baibekov E., (2020) Selection method of karakul sheep of gray color by Viability // EurAsian Journal of BioSciences Eurasia J Biosci 14, 343 – 345 <http://dois.fnac.center/0372-3054/1.13.2020/009>
- [5] **Pogodaev, V.A.,** Serqeeva N.V., Aluchiev B.K., Marchenko V.V. Morfolgicheskiye pokazateli krovi pomesnogo molodnyaka ovets kalmytskoy porody i pomesey F1 kalmytskaya kurdyuchnaya kh doper / Ovzy, kozy, sherstianoe delo. – 2018. - №3. – S. 55 – 57.
- [6] **Gupta, A.R.,** Putra R.C., Sani M., Swarup D. (2007) Haematology and serum biochemistry of Chital (*Axis axis*) and barking deer (*Muntiacus muntijax*) reared in semi-captivity // Vet. Res. Comm.31, 2007, 801–808. <https://doi.org/10.1007/s11259-006-0095-8>
- [7] **Polizopoulou, Z.S.,** (2010) Haematological tests in sheep health management // Small Rum. Res.92, 88–91. <https://doi.org/10.1016/j.smallrumres., 2010.04.015>
- [8] **Muratova, V.V.** Morfologicheskiy sostav krovi i pokazateli immuniteta baranchikov edil'bayevskoy porody v zavisimosti ot zhivoy massy / Naouchno-practicheskie osnovy razvitiya poustynno-pastbishnogo jivotnovodstva i predotvrashenie opoustynivania // Materialy mezhd.nauchno-practicheskoi konferencii. – Samarkand, 2019. – S.126-128.
- [9] **Azhimetov, N.N.** Sostav krovi u tonkorunnykh ovets sherstno-myasnogo napravleniya / Nauchnyi journal Visshaia shkola Kazakhstana., – 2015. -№3. – C. 15 – 20
- [10] **Dosymbekov, T.D.** Klinicheskiye pokazateli i gematologicheskiy sostav krovi zhivotnykh v usloviyakh Yuzhnogo Pribalkhash'ya / Nauchnyi journal Poisk. – Almaty, 2016. -№3. – S. 21-30
- [11] **Zhumashev, Zh. Zh.** Svyaz' morfologicheskikh pokazateley krovi ovets s energiyey rosta molodnyaka oves razlichnogo proiskhozhdeniya / Sb.naouch.Tr.KazNau. – Almaty, 1999. – T.1. – S. 49-52.
- [12] **Musakhanov, A.T.** Izmenchivost' morfologicheskikh pokazateley krovi u myasosherstnykh ovets / Nauchnyi journal Poisk. – Almaty, 2015. -№2. – C. 37 – 41
- [13] **Seitkaliev, K.S.** Nekotoryye morfologicheskiye pokazateli krovi i ikh svyaz' s produktivnost'yu ovets raznykh porod / Vestnik s.-h. nauki Kazakhstana. – Almaty, 2001. -№5. – C. 15 - 18
- [14] **Kozin, A.N.** Gematologicheskiye pokazateli i biokhimicheskiy status krovi baranchikov volgogradskoy porody s raznoy toninoy shersti / Ovzy, kozy, sherstianoe delo. – 2015. -№3. – C. 33 – 35
- [15] **Jackson, P.G.G.,** Cockcroft P.D. (2020) Clinical Examination of Farm Animals // Blackwell science Ltd.; Ames, IN, USA, 302.
- [16] **Gallo, S.S.M.,** Ederli N.B., Oliveira F.C.R., (2017) Hematological and morphometric differences of blood cells from rheas, *Rhea americana* (Struthioniformes: Rheidae) on two conservation farms // Braz. J. Biol, 227–233. <https://doi.org/10.1590/1519-6984.07915>
- [17] **Habibu, B.M.U.,** Kawu T., Aluwong M.H.J., (2017) Influence of seasonal changes on physiological variables, haematology and serum thyroid hormones profile in male Red Sokoto and Sahel goats // J. Appl. Anim. Res., 45 (1), 508 – 516 <http://dx.doi.org/10.1080/09712119.2016.1220384>
- [18] **Banerjee, D.,** Upadhyay R.C., Chaudhary U.B., Kumar R., Singh S., Das A.T.K., De S., (2015) Seasonal variations in physio-biochemical profiles of Indian goats in the paradigm of hot and cold climate // Biol. Rhythm. Res., 46 (2), 221 – 236 <http://dx.doi.org/10.1080/09291016.2014.984999>
- [19] **Singh, K.M.,** Singh S., Ganguly I., Ganguly A., Nachiappan R.K., Chopra A., Narula H.K., (2016) Evaluation of Indian sheep breeds of arid zone under heat stress condition // Small Rumin. Res., 141, 13 – 117 <http://dx.doi.org/10.1016/j.smallrumres.2016.07.008>
- [20] **Kochewad, S.A.,** Raghunandan T., Rao K., Reddy K.K., Kumari N.N., Ramana D.B.V., Balamurugan T.C., Kankarne Y., Kumar S., Meena L.R., (2017) Effect of different farming systems on physiological response, blood parameters and endocrinological profiles in Deccani sheep // Indian J. Anim. Sci., 87 (7), 856 - 858 <http://dx.doi.org/10.56093/ijans.v88i12.85796>

МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ И БИОХИМИЧЕСКИЕ ПОКАЗАТЕЛИ КРОВИ КАРАКУЛЬСКИХ ЯГНЯТ

Паржанов Ж.А., доктор сельскохозяйственных наук, профессор
Ажиметов Н.Н., доктор сельскохозяйственных наук
Тастанбекова Г.Р., кандидат сельскохозяйственных наук
Тлегенова К.Б., кандидат сельскохозяйственных наук
Кыдырбаева А.Е., кандидат сельскохозяйственных наук, доцент
Шимелькова Р.Ж., кандидат сельскохозяйственных наук

Шымкентский университет, г. Шымкент, Республика Казахстан

Аннотация. Повышение продуктивности пород скота, в том числе каракульских овец, является трудоемким и сложным процессом, проводимым в условиях одной конкретной экологической зоны с целью формирования их экономически полезных свойств. В частности, из-за особенностей окраски, расцветки и смушкового типа каракульских овец следует также заметить существенную разницу в их составе крови. Эти различия характеризуются реакцией морфологических и биохимических показателей в крови на изменения условий окружающей среды. В исследованиях авторов установлено, что морфологические и биохимические показатели крови каракульских ягнят в 4,5-месячном возрасте отличаются от показателей ягнят при рождении и в 12-месячном возрасте, наряду с увеличением количества эритроцитов увеличивается количество гемоглобина и, наоборот, наблюдается снижение тромбоцитов, а также изменяется окраска и расцветка ягнят. Если учесть в исследованиях, что количество лейкоцитов определяет уровень естественной резистентности организма животных, то авторами установлено, что у каракульских ягнят уровень резистентности постепенно увеличивается от светло-голубого до черного. В ходе анализа, проведенного по результатам исследования на указанных биохимических различиях, можно сделать вывод, что в организме ягнят черного жакетного типа биохимические процессы протекают относительно интенсивнее, чем у ягнят голубой расцветки.

Ключевые слова: каракуль, тонус, эритроцит, тромбоцит, лейкоцит, гемоглобин

MORPHOLOGICAL AND BIOCHEMICAL PARAMETERS OF BLOOD OF KARAKUL SHEEP

Parzhanov Zh.A., doctor of agricultural sciences, professor
Azhimetov N.N., doctor of agricultural sciences
Tastanbekova G.R., candidate of agricultural sciences
Tlegenova K.B., candidate of agricultural sciences
Kydyrbaeva A.E., candidate of agricultural sciences, assistant professor
Shimelkova R.Zh., candidate of agricultural sciences

Shymkent University, Shymkent city, Republic of Kazakhstan,

Annotation. Increasing the productivity of livestock breeds, including Karakul sheep, is a labor-intensive and complex process carried out in the conditions of one specific ecological zone in order to form their economically useful properties. In particular, due to the peculiarities of the coloring, coloring and smush type of Karakul sheep, a significant difference in their blood composition should also be noticed. These differences are characterized by the reaction of morphological and biochemical parameters in the blood to changes in environmental conditions. The authors' studies found that morphological and biochemical blood parameters of Karakul lambs at 4.5 months of age differ from those of lambs at birth and at 12 months of age, along with an increase in the number of red blood cells, the amount of hemoglobin increases and, conversely, platelets decrease, as well as the color and coloring of lambs changes. If we take into account in the studies that the number of leukocytes determines the level of natural resistance of the animal organism, the authors found that the level of resistance in Karakul lambs gradually increases from light blue to black. In the course of the analysis carried out based on the results of the study on these biochemical differences, it can be concluded that in the body of lambs of the black jacket type, biochemical processes are relatively more intense than in lambs of blue coloring.

Keywords: karakol, tone, erythrocyte, platelet, leukocyte, hemoglobin

ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ БУҚАЛАРДЫҢ ШӘУІТ ӨНІМДІЛІГІНІҢ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІ МЕН ҰРЫҚТАНДЫРУ ҚАБІЛЕТІНЕ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Маханбетова А.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі
Aikabek80@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9858-9631>

Кажғалиев Н.Ж., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент
Kazhgaliev.n@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5122-9030>

Нургүлсім Қ.
Kacter-83@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8160-9747>

*«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті», Астана қ.
Қазақстан Республикасы*

Андатпа. Мақалада етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың шәуіт өнімділігінің сапа көрсеткіштері мен ұрықтандыру қабілетіне генетикалық факторлардың әсері бойынша зерттеу нәтижелері берілген. Жұмыстың негізгі мақсаты: етті бағыттағы генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың шәуіт өнімділігінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне тұқымы мен шыққан елінің әсерін және зерттелетін селекциялық белгілердің өзара байланысын анықтау.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары Ақмола облысында жүргізілді. Зерттеу нысаны-қазақтың ақбас, абердин-ангус және герефорд тұқымдарына жататын өндіруші бұқалар. Тәжірибелік бөлімі бойынша жұмыстар дені сау мал басына "Асыл-Түлік" АҚ-ның базасында және «Алтындан» ЖШС мен «АКА» ЖШС-де барлық ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақталып жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша шәуіт белсенділігі генетикалық жолмен 33,20 % берілетіні анықталды, оның 21,80% генотипіне, 10,30% тұқымына және 1,1 % шыққан еліне әсері болатындығын байқалса, эякуляттың көлемі, ондағы эякулят саны және ұрық концентрациясы, тиісінше 41,1%, 40,9 % және 46,0% тұқым қуалайтын факторларға байланысты болды. Мұндай маңызды көрсеткіш бұқаларды ұрықтандыру қабілеті ретінде пайдалану тиімділігі 24,90% генетикалық факторларға байланыстылығы анықталады: генотиптің 13,20%, оның тұқымының 10,2% және шығу тегінің 1,5%. Осыған орай, зерттеу нәтижелері өндіруші бұқалардың шәуіт өнімділігі көрсеткіштеріне генетикалық факторлардың 38% әсер ететінін көрсетті. Оның ішінде генотипі бойынша 22,0%, тұқымы 14,0% және 1,5% шыққан елі.

Тірек сөздер: етті бағыттағы бұқалар, шәуіт өнімділігі, сандық және сапалық көрсеткіштер, ұрықтандыру қабілеттілігі, генетикалық факторлар, генотип

Кіріспе. Бүгінгі күні елімізде өнімділігі жоғары мал тұқымдарының жер-жерде қолданылуы кеңейтіліп, малдарды азықтандыру және күтіп-бағу жүйелері мен ет баланысы жетекші орын алатын сиыр етін өндірудің технологиялары мен ұйымдастыру формалары жетілдірілуде [1].

Алайда, саланың сәтті дамуы мен оның рентабельділігін белгіленген аймақта арттыру үшін ғылыми негізделіп дұрыс талданған мал тұқымдары мен генотиптерін, сонымен бірге табынды ұдайы өсіріп-өндіру бойынша іс-шараларды уақытлы жүргізуіне байланысты [2]

Өндірілетін өнімді тек қана қолда бар генофондты жетілдіру мен мал басын көбейту жолдарымен арттыру ғана емес, сонымен қатар малдың өнімділігін жоғарлату есебінен де қол жеткізуге болады [2].

Асылтұқымдық жұмыстарын жүргізу саласында өнімділігі мен тұқымдық қасиеттері бойынша ауылшаруашылығы малдарын тиімді бағалау мен іріктеу мәселелері маңызды

орын алады. Жануарлардың тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жетілдіруде өндіруші бұқалардың маңызы зор [1,3].

Осыған орай бүгінгі күні бүкіл дамыған елдерде асыл тұқымдық жұмыстарының негізгі талаптарының бірі - тұқымдық бұқалар ұрығының сапасы жоғары болуы. Ұрықтың сапасына көптеген факторлар, жағдайлар әсер етеді. Соның ішінде негізгі факторлардың бірі - бұқалардың тұқымдық сипаты [87].

Бұқалардың репродуктивті қызметі көбінесе олардың генотипімен анықталады. Бұл тиімділік туралы болжам бар болғанымен, генетикалық потенциал туралы зерттеулер аз.

Сондықтан өндіруші бұқалардың көбею қабілетін көбінесе генотиптің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіне байланыстырады. Жыл ішінде эякулят көлемінің ауытқуы жануарлар ағзасының өзгеретін маусымдық экологиялық факторларға реакциясы нәтижесінде болады.

Шәует сапасына әсер ететін генетикалық факторлардың ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады: өндіруші малдың генотипі, тұқымы, аталық ізі, шығу тегі және т.б.

Мал шаруашылығы саласында интенсификациялау деңгейі көптеген факторлардың қатарынан тұратыны белгілі. Алайда, бұл үдерісте анықтаушы негізгі рөлді генетикалық потенциал иеленеді, егер ол қажетті дәрежеде жоғары болмаса, онда басқа факторлар әсерлі болмай қалады [4,5,6,7].

Көптеген ғалымдардың зерттеулері бойынша асыл тұқымды аталық бұқалардың нәсілдік қасиет өзінің ұрпақтарына генетикалық факторлар бойынша 30% берілсе, 70% паратиптік факторларға байланысты болатынын келтіреді. Дегенмен осы етті бағыттағы аталық бұқалар ұрпақтарының ет өнімділігіне генетикалық факторлардың әсерін анықтау жолдары мен болжау тәсілдері зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Яғни, етті бағыттағы ірі қара малмен селекциялық жұмыс тәжірибесінде асыл тұқымдылық сапасын жақсарту және жоғары сапалы сиыр етін өндіруді ұлғайту үшін малдың өнімділігін болжаудың индекстік бағасын пайдалану арқылы жүзеге асыруға болады [8,9,10].

Генетикалық факторлар белгілі бір тұқымға, аталық бұқаға, аталық ізге, аналық ұяға, будан малға жатумен сипатталады.

Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде генетикалық факторларға әсері көбіне өндіруші аталық бұқаға, яғни тұқымға көбірек байланысты болатынын айқындайды.

Осы тұрғыда кейбір авторлар сүтті бағыттағы ірі қара мал бұқаларынан алынған шәуеттің ұрықтану қабілеттілігі генетикалық факторлармен анықталатынын келтіреді, яғни өндіруші бұқа генотипінің 14,24%, оның тұқымының 11,21% және шығу тегінің 1,6% құрайды екен. Отандық және шетелдік асыл тұқымды өндіруші бұқалар біршама ерекшеленеді - сәйкесінше 64,29% және 60,26% [10,11].

Кейбір ғалымдардың пікірінше бұқалардың жыныстық белсенділігі олардың белгілі дәрежеде генотипіне байланысты, ол бірқатар кездейсоқ себептермен анықталады, олардың негізгісі бұқалардың белсенділігі. Шәует көлемі, оның қозғалғыштығы және концентрациясы көбінесе генотипке байланысты анықталады. Бұл ғалымның айтуы бойынша генетикалық өзгергіштік үлесі 60% жетеді [12,13].

Көптеген зерттеу жұмыстарында шәует белсенділігі үшін тұқымқуалау коэффициенті 0,052; эякулят көлемі бойынша - 0,970; шәует концентрациясы бойынша - 0,200; эякуляттағы шәует саны бойынша - 0,672; 0,176 ұрықтандыру қабілеті және түсік тастау және өлі туылу 0.274 құрайтынын келтіреді.

Ірі қара малының генетикалық құрылымының айырмашылықтары оның шығу тегіне байланысты айқын білінеді. Сондықтан, аталмыш фактордың жануарлардың өндірушілік қабілетіне тигізетін әсерін білу керек.

Соған байланысты ірі қара мал шаруашылығы дамуының заманауи шарттарында және жануарларды қолдан ұрықтандыру негізінде ауыл шаруашылығы өндірісіндегі нарықтық қатынастарды құру және шәуетті өндіруші малдың генотипіне, тұқымына және

шыққан тегіне қарай генетикалық әсері мен селекциялық белгілер арасындағы байланысын ескеріп, жоғары класты өндіруші бұқаларды анықтау және оларды тиімді қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Жұмыстың зерттеу мақсаты: етті бағыттағы генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың шәует өнімділігінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне тұқымы мен шыққан елінің әсерін және зерттелетін селекциялық белгілердің өзара байланысын анықтау.

Ғылыми зерттеу жұмысы ҚР ЖБЖҒМ нің «Жас Ғалым» 2022-2024 жылдарға арналған қолданбалы ғылыми зерттеу қаржыландырылған жобасы аясында АР14972970 «Етті бағыттағы тұқымдық бұқалардың көбею қабілеттілігіне генетикалық факторлардың әсері» тақырыбында орындалды.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі. Ғылыми-зерттеу жұмыстары Ақмола облысында 2022 жылы жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде -қазақтың ақбас, абердин-ангусс және герефорд тұқымдарына жататын өндіруші бұқалар алынды. Тәжірибелік бөлімі бойынша жұмыстар дені сау мал басына "Асыл-Түлік" АҚ-ның базасында және «Алтындан» ЖШС мен «АКА» ЖШС-де жүргізілді.

Барлық ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақталып жүзеге асырылды. Малдың өнімділік қасиеттерін азықтандыру мен күтіп - бағу шарттарын бірдей ұстанумен анықталды.

Зерттеу материалдары ретінде: өзіндік тәжірибелер-бұқа шәуетінің сапасын есептеу бойынша зертханалық зерттеулер, өндірістік және тұқымдық құжаттар алынды.

Талдауға 3 тұқымның 12 өндірушісі - қазақтың ақбас, абердин-ангусс және герефорд тұқымдары мен шыққан елі бойынша бұқаларының шәуетін өндіру және оны пайдалану туралы мәліметтер енгізілді.

Зерттеулер үшін шәуетті клиникалық дені сау малдың, оларды өндіруші бұқаларды қолдану нұсқаулығымен сәйкес иммуногенетикалық тестілеуден өткізіп алдық.

Жануарларды азықтандыру мен күтіп-бағу барлығы үшін бірдей болды, жыл маусымдары бойынша айырмашылықтары болмады. Жануарлардың нормасы мен рациондары «Асыл-Түлік» АҚ ұсыныстарына сәйкес жасы, тірі салмағы және қолдану режимдерін ескеріп құрастырылды.

Генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың өнімділігіне генетикалық әсерін анықтауды жыл маусымдары бойынша жүргізеді: қыста (желтоқсан, қаңтар, ақпан), көктемде (наурыз, сәуір, мамыр), жазда (маусым, шілде, тамыз), күзде (қыркүйек, қазан, қараша).

Шәуетті қолдан ұрықтандыру орталығында барлық зоотехниялық және ветеринариялық талаптарды сақтау арқылы стандартты шарттарда алдық. Қолдану режимі-орташа (аптасына екі рет, жануарларға екі ретті отырғызу арқылы).

Алынған шәуетті жалпы қабылданған әдістемелер негізінде физиологиялық көрсеткіштері бойынша зерттедік:

- түсі, иісі. консистенциясы - органолептикалық талдау;
- шәует көлемі - мөлшерленген цилиндр арқылы;
- шәуеттің белсенділігін 10 балдық шкала бойынша 138-40°C, 180-200 есе ұлғайтылған микроскоп арқылы;

- 1 мл - дегі шәует концентрациясы - фотоэлектроколориметрлік әдіс бойынша (Ф.И. Остапко, Г.С. Гайворонский), ФЭК-М фотоколориметрмен немесе зитрогемометр құралдарының көмегімен анықталды.

- резистенттілік - шәуеттің 1% NaCl ертіндісіне тұрақтылығын Коротков әдісімен анықтадық;

- шәует демалысының қарқындылығы - 1% метилен көгінде 0,1 түссіздену жылдамдығы бойынша анықтадық;

- Сутегі иондарының концентрациясы (рН) – электропотенциометрлік рН-340 құралында электрометрлік әдіспен анықтадық.

Барлық шәует сұйық азотта қатыруға ұшырады, шәует банкінде ұзақ сақтау мақсатында. Алынған шәуетті глицеринді лактозалы-сарыуызды сұйылтқышпен сұйылтып (дозасында 50 млн кем болмайтын шәует мөлшерімен есептегенде) пайеттерде қатырдық. Шәуеттің терең қатыруға тұрақтылығын бақылауды бір айлық сақтаудан кейін мөлшерлеп орау алдында өткіздік. Бір факторлық дисперсиялық талдау келесі теңдік бойынша анықталды:

$$h^2_x = C_x / C_{\Sigma} \quad (1)$$

мұндағы, C_x - есепке алынатын факторлар; C_{Σ} - барлық факторлардың қосындысы.

Өндіруші бұқалардың ұрық өнімділігінің фенотиптік корреляция коэффициенті мына теңдікпен анықталды:

$$r = C_x + C_y + C_d / 2 \sqrt{C_x \times C_y} \quad (2)$$

Бұқалардың шәуетінің ұрықтандырылу деңгейін облыс шаруашылықтарындағы етті бағыттағы ірі қара мал табындарда бұқаларды статистикалық өңдеу әдісі арқылы бекітуге сәйкес анықтадық.

Генетикалық факторлардың шәует өндіруге тигізетін әсерін факторлы дисперсиялық талдау әдісі арқылы анықтадық.

Зерттеу барысында алынған негізгі сандық материалдар вариациялық статистикамен Н.А.Плохинский әдісімен және Стьюдент бойынша дәйектілігі SPSS for Windows қолданбалы бағдарламасы бойынша өңделеді.

Зерттеу нәтижелері. Бұқалардың репродуктивті функциясының маңызды көрсеткіштерінің бірі шәуеттің ұрықтандыру қабілеті болып табылады [12]. Қазіргі уақытта бұқалардың ұрықтандыру қабілетін шәует сапасы бойынша бағалау әдістері жоқ, сондықтан олар алғашқы ұрықтандыру нәтижелері бойынша анықталады. Алайда, сапалы ұрықпен ұрықтандырылған аналықтардың санын көбейтуге ғана емес, олардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Шәуеттің ұрықтандыру қабілеті төмендеген бұқаларда (70% - дан аз) өміршеңдігі төмен немесе өте әлсіз бұзаудың 15-18%-ға дейін туылатыны ғылыми дәлелденген [12].

Шәуеттің ұрықтандыру қабілеті - өндіруші бұқалардың өндірушілік қабілетін анықтайтын маңызды көрсеткіш. Ұрықтандыру қабілеті бойынша бұқаларды салыстыру негізі әр бұқаның қажетті шамада көп ұрғашы малды ұрықтандыру болып табылады, ұрықтанған сиырлар саны көп болған сайын ұрықтандыру қабілетінің орташа көрсеткіші нақты мәнді көрсетеді.

Аталмыш көрсеткіш ұрғашыларды азықтандыру, күтіп-бағу шарттарына және аталық пен аналық малдардың генетикалық үйлесімділігіне, жануарларды жасандыру ұрықтандыру жұмыстарымен айналысатын маманның біліктілігіне тікелей байланысты болады. Өндіруші бұқалар шәуетінің ұрықтандыру қабілетін қайталанып тұратын ұрықтандыру бойынша бағалайды. Егер қайта ұрықтандыру кездерінде сиырлардың саны 50% асатын болса, онда бұл бұқаларды кейінгі уақыттарда қолданыстан алып тастайды [13].

Өндірушілік қабілеті бойынша кешенді көрсеткіштерінің талдауы: шәуеттің саны мен сапасы, оның ұрықтандыру қабілеті, сақталуы, төмендеуі, төлдердің өлі туу жағдайлары, жасанды іш тастау саны өндіруші бұқалардың өндірушілік қабілетіне нақты толық әрі шынайы баға бере алады [14].

Шәуеттің ұрықтандыру қабілеті жыныстық жетілу жасына, азықтандыруға, инфекциялық аурулардың болмауына, ұрық алынатын өндіруші бұқаның гормоналды фонына тікелей байланысты. Фермалар мен шаруашылықтарға келетін болсақ, бұл жағдайда шәует өндіруді қолданатын шаруашылық шарттарын, зоотехниялық және ветеринариялық жұмыстардың деңгейін ескеру қажет. Ұрық сапасы бойынша бірдей категорияға ие болған және асылтұқымдық қолданысқа жіберілетін өндіруші бұқалар міндетті түрде шәуеттің ұрықтандыру қабілеті бойынша бөлінуі қажет [15].

Бұқалардың шәуетінің ұрықтандыру қабілетін зерттеу үшін жалпы 18 бұқаның көрсеткіштері алынды: қазақтың ақбас тұқымы бойынша-6 бұқа, абердин-ангус -6 бұқа, герефорд - 6 бұқа. 5610 сиыр мен ұрғашы бұзау ұрықтандырылды: қазақтың ақбас тұқымы бойынша - 2190, абердин-ангус -2160, герефорд - 1260. Асыл тұқымды бұқалардың генотипі де ұрық сапасына әрі эякулят санына да ықпал етеді.

Осы мақсатпен «Асыл-Түлік» АҚ-да өндіруші бұқаларды пайдаланудың барлық кезеңдерінде шәует өндіру қабілетінің көрсеткіштері бойынша тұқымдық айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік туды (1-кесте).

1-Кесте – Генотипі әртүрлі етті бағыттағы өндіруші бұқалардың шәует өндіру көрсеткіштері (2022 ж.)

Көрсеткіштер	Тұқымы		
	Қазақтың ақбас	Абердин-ангус	Герефорд
	Шыққан елі		
	Қазақстан	Канада	Германия
Бұқа саны	4	4	4
Эякулят саны, дана	430,1±52,7	223,4±30,3	369,1±51,5
Эякулят көлемі, мл	3,38±0,15	4,01±0,25	3,86±0,26
Сперматозоидтардың концентрациясы, млрд\мл	0,78±0,03	0,70±0,04	0,78±0,05
Қолдануға арналған шәует өндірісінің орташа саны, мөлшері	24 497	12 200	32 348
Бракқа шығару пайызы, %	49	60	42

Зерттеу нәтижелері бойынша эякуляттың орташа көлемі Канада елінен шыққан абердин-ангус тұқымының бұқаларында артықшылық анықталды - 3,97 мл, бұл герефорд бұқаларына қарағанда 0,08мл (2%)-ға және қазақтың ақбас тұқымына қарағанда - 0,61 мл (16%)-ға артық.

Қатырылған ұрық саны эякулят концентрациясы мен эякулят санына тәуелді, сонымен аталмыш көрсеткіш эякуляттағы шәует концентрациясы бойынша берілген шамаға сәйкес келеді.

Кесте мәліметтерне сүйенетін болсақ, қазақтың ақбас тұқымының бұқаларының шәуеті жоғары сұранысқа ие болды, Бұл, ең алдымен аталмыш тұқымның Республика бойынша мал басның басымдығымен түсіндіріледі.

Етті бағыттағы тұқымдар арасындағы 1-ші ұрықтандыру барысында ең жоғары пайыз қазақтың ақбас тұқымына тиесілі. Соған қоса бұқалардың жеке қасиеттері ұрықтандыру қабілетіне айтарлықтай әсер ететіні анықталды.

Кестеде көрсетілгендей қазақтың ақбас тұқымында бұқалардың ұрықтандыру қабілеті - 47 - 60% аралығында; абердин - ангустарда - 30 - 59% аралығында; герефорд тұқымында - 45 - 60% аралығында болды.

Өндірісте мал тұқымдарынан алынатын өнімнің қалыптасуына әсерін тигізетін генетикалық факторларды алдын-ала бір жақты дисперсиялық тәсілмен болжап отыруға болады.

Шәует сапасына әсер ететін генетикалық факторлардың арасында мыналарды бөліп көрсетуге болады: өндіруші бұқаның генотипі, тұқымы, аталық ізі, шығу тегі және т.б.

Дисперсиялық талдау жасау әдісімен есепке алынған факторлардың, өнімнің (белгінің) қалыптасуына тигізетін әсерін анықтауға болады.

Осыған орай шәует сапасына генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың тұқымы мен шығу тегінің әсер ету дәрежесін бағалау үшін бір жақты дисперсияны талдау нәтижелері;

эякулят көлемі, эякулят мөлшері және шәует концентрациясы, ұрықтың жарамсыздығы анықталды (2-кесте).

2-Кесте – Шәуіт өнімділігі көрсеткішіне тұқымы мен шығу тегінің әсер ету шынайлығы дәрежесі арасындағы дисперсиялық талдау нәтижелері

Факторлар	Көрсеткіштер	Фишер критериясы бойынша		Шынайы дәрежесі
		кестеге сай	нақты	
Тұқымы	эякулят көлемі	1	162,032	<0,001
	эякулят саны	1	142,356	<0,001
	ұрық концентрациясы	1	52,789	<0,001
Шыққан елі	эякулят көлемі	3,32	483,106	<0,001
	эякулят саны	3,32	378,455	<0,001
	ұрық концентрациясы	3,32	122,130	<0,001

Кестеден генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың тұқымы мен шығу тегі елдерінің арасында шәуіт өнімділік көрсеткіштері бойынша шынайы айырмашылықтар бар екендігі байқалды ($p < 0.001$).

Етті бағыттағы тұқымдарға жататын бұқалардың ұрықтандыру қабілетінің нәтижесі 3 кестеде берілген.

3-Кесте – Етті бағыттағы өндіруші бұқалардың ұрықтандыру қабілеті

Фактор	Генотипі	Эякулят көлемі, мл	Концентрация, млрд/мл	Ұрықтан дырылған аналықтар	1 ұрықтандыру барысында ұрықтанғандар	
					n	%
Тұқымы	Қазақтың ақбас	3,28±0,14	0,77±0,03	219	137	62,5
	Абердин-ангус	4,04±0,34	0,97±0,23	3172	1403	44,2
	Геррефорд	4,06±0,28	0,79±0,05	841	463	55,1
Шыққан елі	Қазақстан	4,06±0,28	0,79±0,05	841	463	55,1
	Канада	3,96±0,45	0,76±0,02	837	423	50,5
	Германия	3,46±0,07	0,85±0,02	282	149	52,8

Абердин – ангус бұқаларындағы ұрықтандыру қабілетінің төмен көрсеткіші оның тұқымдық ерекшеліктері мен бейімделу қасиеттеріне негізделген. Егер осы мәліметтерді жалпылайтын болсақ, республикадағы тұқымдар бойынша ол 75-80 %-ға жетеді, басқа тұқымдарда 85-90%.

Тұқымдар бойынша қарайтын болсақ, етті бағыттағы тұқымдар арасында ең жоғары көрсеткіш қазақтың ақбас тұқымына тиесілі.

Соған қоса бұқалардың жеке қасиеттері ұрықтандыру қабілетіне айтарлықтай әсер ететіні анықталды.

Кестеде көрсетілген өндіруші бұқалардың тізімі бойынша, қазақтың ақбас тұқымында Чемпион, Ворон, Барнаул бұқалары ерекшелінді, эякулят көлемі мен концентрациясы көрсеткіштері - 3,67 мл және 0,80 млрд/мл; 3,09 және 0,73; 3,30 және 1,01 ұрықтандыру 60% құрайды. Абердин - ангус бұқаларының ішінен ұрықтандыру бойынша ең үздік көрсеткіш Орис - 59%, және Yong Dale Zepher 115Z - 56% бұқаларына тиесілі.

Геррефорд бұқаларының ішінде көш басшы Васко бұқасы. 300 бас сиырларды Васко бұқасының ұрығымен 1-ші ұрықтандырғанда ұрықтану көрсеткіші 60% жетті. Бұл бұқа шаруашылыққа қолданудың барлық кезеңдерінде шәует өндірудің бүкіл параметрлері

бойынша өте жақсы нәтижелерді көрсетті, бұл өз кезегінде ұрықтандыру қабілетіне әсер ететін маңызды фактор болып табылады.

Өткізілген зерттеу негізінде шаруашылыққа қолданудың барлық кезеңдерінде шәует өндірудің үздік әрі тұрақты шамасына ие болған бұқалар жоғары ұрықтандыру қабілетімен сипатталады.

Етті бағыттағы бұқалардың арасында ұрықтандыру қабілеті бойынша тұқымдық айырмашылықтар онша байқалмайтынын көруге болады. Келтірілген мәліметтерге сүйенетін болсақ, шәуеттің ұрықтандыру қабілетіне бұқалардың жеке ерекшеліктері мен аналықтарды өсіретін шаруашылықтардың шарттары әсер ететінін байқауға болады.

Алынған мәліметтер негізінде тұқымдылық шәуеттің ұрықтандыру қасиетіне тікелей байланысты болатындығына көз жеткізуге болады. Осылайша, қазақтың ақбас тұқымының бұқалары абердин-ангус тұқымынан 1-ші ұрықтандыру барысындағы ұрықтану пайызы бойынша 7,5%-ға асып түседі. Геррефорд пен қазақтың ақбас тұқымының арасында және геррефорд және абердин-ангус тұқымдарының арасында айтарлықтай шынайы тұқымаралық айырмашылықтар жоқ.

Мал тұқымдарының көп белгілерінің үйлесімді дамуы сыртқы орта факторларының құбылмалы жағдайларынан өтеді. Ал мал ағзасының өндірісте есепке алатын белгілерінің бір-біріне тәуелді болып дамуын корреляциялық коэффициентпен сипаттайды.

Өндіруші бұқалардың шәует өнімділігіне әртүрлі факторлар әсер етуі мүмкін: паратиптік және генетикалық. Соның ішінде генетикалық факторлар әсері генотипіне, тұқымына және шыққан еліне байланысты. Яғни, әртүрлі факторлардың зерттелген көрсеткіштерінің фенотиптік өзгергіштікке әсер ету сенімділігін анықтай отырып, генетикалық факторлардың әсер ету күшін бағалау қажет. Генетикалық әсердің беріктігін анықтаудың классикалық әдісі - бұл классішілік корреляция коэффициенті болып табылады.

Осыған орай біз зерттеуге алынған генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың шәует өнімділігінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне генотипінің, тұқымының және шыққан елінің әсер ету күшін классішілік корреляциялық коэффициенті қолданып анықтадық (4-кесте).

4-Кесте – Өндіруші бұқалар ұрығының сандық және сапалық көрсеткіштеріне генотипі, тұқымы және шыққан елдің әсер ету күші

Шәует өнімділігінің көрсеткіштері	Генетикалық факторлар		
	бұқаның генотипі	тұқымы	шыққан елі
шәует белсенділігі	0,218	0,103	0,011
эякулят көлемі	0,267	0,124	0,020
ұрық концентрациясы	0,233	0,217	0,010
Эякулят саны	0,245	0,143	0,021
Ұрықтандыру қабілеті	0,132	0,102	0,015
Орташа барлығы	0,22	0,14	0,02

Зерттеулер нәтижесінде (4-кесте) шәует белсенділігі генетикалық жолмен 33,20% берілетіні анықталды, оның 21,80% генотипіне, 10,30% тұқымына және 1,1% шыққан еліне әсері болатындығын байқалса, эякуляттың көлемі, ондағы эякулят саны және ұрық концентрациясы, тиісінше 41,1%, 40,9% және 46,0% тұқым қуалайтын факторларға байланысты болды. Мұндай маңызды көрсеткіш; бұқаларды ұрықтандыру қабілеті ретінде пайдалану тиімділігі 24,90% генетикалық факторларға байланыстылығы анықталады: генотиптің 13,20%, оның тұқымының 10,2% және шығу тегінің 1,5%. Осыған орай, зерттеу нәтижелері өндіруші бұқалардың шәует өнімділігі көрсеткіштеріне генетикалық факторлардың 38% әсер ететінін көрсетті. Оның ішінде генотипі бойынша 22,0%, тұқымы 14,0% және 1,5% шыққан елі.

Бұқаның генотипі, тұқымы және шыққан елі сияқты генетикалық факторлардың ұрықтандыру қабілетіне әсерін анықтау үшін біз бір жақты дисперсияны талдау жүргіздік (5 кесте).

Дисперсияны біржақты талдау генотипі әртүрлі өндіруші бұқалардың шәуітінің ұрықтандыру қабілеттілігі тұқымы және шығу тегі арасындағы едәуір шынайы айырмашылықтарды көрсетті.

5-Кесте – Өндіруші бұқаның генотипінің, тұқымының және шығу тегінің ұрықтандыру қабілетіне әсерінің өзгергіштігін бір жақты талдау нәтижелері

Факторлар	Фишер критериясы бойынша		Шынайы дәрежесі
	кестеге сай	нақты	
Тұқымы	2,32	4,032	<0,001
Шыққан елі	2,37	2,756	<0,05
Өндіруші бұқа	1,00	1,730	<0,001

Кестеде келтірілген фишер критериясы бойынша тұқымы мен өндіруші бұқаның шынайлық дәрежесі шыққан еліне қарағанда басым ($P < 0,001$) болатыны байқалып отыр. Яғни өндіруші бұқалардың ұрықтандыру қабілеттілігіне генотипі мен тұқымының әсері жоғары деп айтуға болады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелерінде көрсетілгендей қазақтың ақбас тұқымында бұқалардың ұрықтандыру қабілеті - 47-60% аралығында; абердин - ангустарда - 30-59% аралығында; герефорд тұқымында - 45-60% аралығында болды.

